




МАЗМҰНЫ

Тоқтарбай Е.	«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ».....	2
Байтоғымова Қ.	«АНА – АРДАҚТЫ ЕСІМ».....	10
Айдарбекова А.	«ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК».....	14
Ақшалава Н.	«ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ШЕЖІРЕШІСІ».....	17
Бекқұлова А.	«ӘЙЕЛ СҰЛУ ҚАШАНДА ӘДЕБІМЕН»	21
Айтбаева А.	«МЕН НЕГЕ ҒАШЫҚ БОЛМАЙМЫН?!».....	26
Көпбайқызы Г.	«ОЛ – МЕНІҢ ЖАН АЙҚАЙЫМ».....	28
Шәріп А.	«ТҰҒЫРЫ БИІК «ТЕМІРҚАЗЫҚ».....	34
Мұсаханова А.	«ҚЫЗЫМ ҮЙДЕ – ҚЫЛЫҒЫ ТҮЗДЕ».....	38
Тоқтасын Н.	«СЕЗІМ МЕН ТӨЗІМ».....	40
Есенгелді А.	«ҚЫЗ–ҒҰМЫР...»	43
Асанов Ж.	«МЕДИА ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ».....	48





ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҰРАТКЕР ҚЫЗЫ

*(Н.Құлжанованың өмір жолы мен
шығармашылығы хақында)*



І

Алаштың ақиық ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырдың «Таныстыру» атты поэмасы бар. Бұл поэма – XX ғасыр басындағы ренессанстық құбылыс тудырған тұтас қазақ элитасының портреті іспетті. Егер бұл поэма болмаса, қазақтың тасын өрге сүйреген атпал азаматтарын біле алмас па едік?! Себебі жетпіс жыл бойы қазақты түп тамырынан айырған Кеңес өкіметі асылдарымызды тануға, білуге мүмкіндік берді ме? Алаш зиялыларының еңбектері мен ерліктерін күллі халыққа жария, өнеге еткен бұл поэмасында ақын:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім.
«Оқыса сондай әйел шығар ед» деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын, – деп Нәзипа есімді қазақ қызының есімін атайды. Енді бір жерінде:

Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.

Турашыл жан бетіне қарамайтын,
Онан кейін зиянды санамайтын.



Қазақтың ескі, жуан тұқымынан,
Жөпшендіні еске алып баламайтын.

Бір айтса, сол сөзінде тұрды деп біл,
Болмайды қате екен деп қайта қайттым.

Бір ұстаған жерінде қалар қатып,
Кім болса да сөйлейді сөзін батып.

Өз көңілінде түзу деп ұққан ойын,

Істейді жіберсең де қазір атып, – деп Нұрғали Құлжанұлының болмысын сипаттайды. Міне, Сұлтанмахмұт ақынның бұл поэмасы – қазақтың оқығандарын қазаққа таныстырған құнды еңбек. Енді осы өлең жолдарындағы Нұрғали Құлжанұлы мен Нәзипа кім?

Керуен дүниенің көшінен Нұрғали, Нәзипа есімді ерлі-зайыпты Құлжановтар өткен екен. Екеуі де «жазған сөзім жаным ашып Алашыма» (А.Байтұрсынұлы) дегеннің нақ өзі болған.

Нұрғали Құлжанұлы – 1869 жылы (кейбір деректе 1870 жылы) Торғай өңірінде дүниеге келген. Орынбордағы оқытушылар мектебін тәмамдаған. 1905 жылдан бастап Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында ұстаздық қызмет еткен. 1906 жылдың бірінші қаңтарында III дәрежелі «Әулие Станислав» орденімен марапатталған. 1908 жылы Батыс Сібір Географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің мүшелігіне қабылданған. Бөлімшенің мүшелігіне қабылданғаннан кейін өлке тарихына қатысты



Суретте: Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар



фольклорлық-этнографиялық мұраларды жинастырып, қазақтың музыкалық өнерінің сақталуына, жинақталуына үлкен үлес қосқан.

Оның мақалалары мен ойлары, лебіздері «Қазақ», «Үш жүз», «Бірлік туы» газеттерінде жарияланған. Нұрғалидың ел есінен мәңгілікке орын алған ісі – 1914 жылы ұлы Абай ақынның қайтыс болғанына он жыл толуына орай жұбайы Нәзипамен бірге ұйымдастырған кеші.

Алаш қозғалысына ниеттесіп, «Алаш» идеясын қолдаған мәдениеттанушы, педагог Нұрғали 1919 жылы Семей қаласында Колчак жендеттерінің қолынан қаза тапқан болатын. Алаштың аймаңдай перзенті Сұлтанмахмұт Нұрғали дүниеден өткенде қайғырып, «қазақ үшін жүрек майын шам қылған» ер-азаматын жоқтаған екен. Ақынның «Нүрекене» деген өлеңі бар-ды. Бұл – азалы жыр.

Үштың ба нақақ оққа, есіл ерім!
Ел үшін еңбек қылған кемеңгерім!
Алаштың Алаш аты жойылмаса,
Бір кетпес жау мойнында қаның тегін...

Құдайым сені-дағы көп көрді ме?
Бейшара бұл қазақтың баласына?
Жақын үшін жан құрбан қылатұғын,
Сендей ұл туа бермес Алашыңа, – деп орны толмас қазаны күңіреніп, қайғырып жырға қосқан.

Нұрғали мен Нәзипаның қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметтері С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында, С.Бегалиннің «Замана белестері» романында жан-жақты сөз болған.

II

Нұрғалидың жары Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылдың жиырма жетінші шілдесінде Торғай қаласында дүниеге келген. Нәзипа – ХХ ғасыр басындағы оқыған санаулы ғана қазақ қыздарының бірі. Ағартушы, этнограф, аудармашы, журналист, жазушы Нәзипа Сегізбайқызының артында қалған мұралары ұшан-теңіз. Бірақ сол мұраларын жұрт біле ме екен?! Сол жағы қиындау болып тұр...

Табиғатынан зерек, алғыр болып өскен Нәзипа 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген. 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесінде, 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар гимназиясында ұстаздық қызмет атқарған. 1913 жылы География қоғамы Семей бөлімшесінің мүшелігіне қабылданған. Қазақ мәдениетін қолдаған «Азамат серіктестігі» ұйымының белсенді мүшесі болған. 1914 жылдың 26 қаңтарында Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырған. 1915 жылдың 13 ақпанында Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кеш ұйымдастырғаны және бар.



Нәзипа – қайраткер. Ол – Алаш қайраткері. Алаш қозғалысының белді мүшесі болған, болашақ үшін қыруар жұмыс атқарған қазақтың ақылды да оқыған қызы. 1917 жылғы Семейде өткен қазақ съезіне қатысып, төралқа құрамына енген. 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тіліндегі оқулықтар, кітаптар шығару ісі жөніндегі комиссияның мүшесі болған. А.Байтұрсынұлы жасаған жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі комиссияның мүшесі болып та қызмет атқарған.

Ер-азамат иығымен көтеретін істің басы-қасында Нәзипа Сегізбайқызының жүруінің өзі ерлік емес пе?! Қазақ ақыны С.Сейфуллин үкімет бастығы болып тұрғанда Н.Құлжанованың азаматтық, қайраткерлік ісіне сүйсініп, өлең арнаған екен. Ол өлеңнің аты – «Самұрық». Өлеңнің бас жағына: «Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинаушы бірінші қазақ әйелдері комитетінің бастығы Нәзипаға тартамын», – деп жазыпты.

Нәзипа – журналист. Қазақ журналистикасының іргетасын қалаған тұңғыштардың бірі. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінде – тілші, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» (бүгінгі «Ақиқат» журналы), 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» (бүгінгі «Қазақстан әйелдері») журналында жауапты хатшы қызметтерін атқарған. Бірақ 1929 жылы ауыр сырқатқа шалдығып, қоғамдық қызметтен қол үзеді.

1934 жылы Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанкеліні 47 жасында дүниеден өткен. Алаштың баласына түзу жолды нұсқаған, әйел теңдігін көтерген, ана мен баланың мәселесін шешуге атсалысқан қазақтың қайраткер қызының ғұмыр-жапырағы да құрт ауруынан үзілді. Бірі болса, бірі болмайтын кем дүние-ай... Егер ол бұл қасіретті сырқатқа шалдықпаса, қазақтың жоғын жоқтап, руханиятының пілтесі болып жанатын еді...

III

Нәзипа Сегізбайқызының ғылыми-шығармашылық мұрасы туралы сөз болғанда, оның әдеби-публицистикалық еңбектерін айтпай кетуге болмайды. Нәзипаның мұрасы – XX ғасырдағы әдебиет тарихын толықтырып тұрған аса құнды жәдігер.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Н.Қ. ханымға» атты өлеңі бар. Бұл «Н.Қ. ханым» кім? «Н.Қ. ханым» XX ғасыр басындағы оқыған қазақ қыздарының бірі Нәзипа Құлжанова болатын. Өлеңнің тұтас мазмұнына қарап көрелік:

Рақатсыз өтсе де өмір-жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым!
Су да болар ол жолда, тау да болар,



Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар?!

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар.

Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,
Ұзақсанып жатпаспын жалыққаннан.
Жұрт қолымнан келмесе, өкпелемес,
Барым сақтап, мен аяп алып қалман.

Ел мұңымды білемін ұқпайтынын,
Көтермеге қалғанда шықпайтынын.
Шалыс басып аяқты жығылғанда,
«Жатқаныңнан тұрма», – деп мықтайтынын.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлімменен.
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін!

Бұл – ұлт ұстазының қарындасына берген ілтипат, ақ пейіл батасы, лебізі. Ахаң бұл өлеңін Нәзипаның кітабына алғысөз ретінде жазып берген болатын. Бір тарихи деректі айта кетейік, Н.Құлжанова бір жылдары Қазақ АКСР Оқу-ағарту комиссариатының қазақ тілінде шығатын оқулықтар, кітаптар және баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның мүшесі болады. Сол оқу комиссариатының арнайы тапсырмасымен Н.Құлжанова «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Осы аталған кітабына ұлт ұстазы алғысөз жазған болатын. Сол алғысөзінің соңын: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек», – деп аяқтапты. Міне, сол бабаларымыздың арқасында бүгінгі қазақ ғылымының іргетасы қаланды, іргелі ғылымға айналды.

«Қызыл Қазақстан» журналында Н.Құлжанованың «Қазақ әйелдеріне



арналған корреспонденциялар туралы» (№13, 1922 жыл, 53-55 б.), «Күн тұтылғанда» (№23-24, 1923 жыл, 111-134 б.), «Жалпы әйелдер мейрамы» (№15, 1923 жыл, 68-70 б.), «Дала соты» (№16, 1923 жыл, 91-103 б.), «В.И.Лениннің туған күні – 1870 жылғы апрель» (№1-2, 1924 жыл, 97-99 б.) мақалалары жарияланған.

«Жаңа мектеп» (бүгінгі «Қазақстан мұғалімі») журналына талантты қайраткердің аудармалары жарияланған. Мысалы, М.Горькийдің «1905 жылғы январьдың тоғызы күні» (№14, 1926 жыл 47-53 б./ №1, 1927 жыл, 79-84 б.), А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсер» (№2, 1927 жыл, 84-88 б.), Б.Лавреневтің «Қырық бірінші» (№9, 1928 жыл, 107-118 б.) шығармаларын атауға болады.

Қайраткер қаламгер Н.Сегізбайқызының әдеби-публицистикалық мұраларын іздестіріп, ескі газет-журналдарды ақтарып, оқып шықтым. Сонау жылдары Арқалықта оқығанымда пединституттың жатақханасынан өз еркіммен шығып Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жатақханасына орналасып едім. Колледж директоры, білікті басшы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Сабыржан Тасмағамбеттің қолдауымен бір кісілік бөлме алдым. Кең әрі жарық бөлме еді. Бұл ғимарат бұрындары әйгілі «Арқалық» қонақүйі болған ғимарат екен. Менің бөлмем – №314. Осы бөлмеде отырып көптеген шығармашылық жоспарымды жүзеге асырдым. Нәзипа Құлжанкеліні туралы сол кезден бері жазғым келіп жүр еді...

Нәзипа сауатты, өте зерек, ілімі мен білімі бір кісіге жетіп-артылатын адам-ақ екен. Мысалы, «Әйел теңдігі» журналына жарияланған «Ақын Шолпан» (№3, 1927 жыл, 28-31 б.), «Бала емізудің дұрыс тәртібі» (№4, 1927 жыл, 22-29 б.), «Шай дейтініміз не?» (№6, 1927 жыл, 26-29 б.), «Баланың жұқпалы аурулары» (№8-9, 1927 жыл, 37-42 б.), «Қышыма қотыр» (№4, 1928 жыл, 44-47 б.), «Малдың сүті» (№10, 1929 жыл, 40-42 б.) еңбектерінің мәні мен маңыздылығы әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоймаған.

Қазақ ғылымының, соның ішінде педагогика, психология саласының бастауындағы ғылыми негіздердің бірі – ағартушы, қайраткер Н.Құлжанованың мұралары. Нәзипа – Ыбырай Алтынсары, Ахмет Байтұрсынұлы үлгісіндегі тәжірибелі педагог, ғалым. Өмірлік тәжірибесі негізінен «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (1927) сияқты іргелі кітаптарын жазды.

Қайраткер, ғалым 1927 жылы Қызылорда қаласынан 5000 данамен басылып шыққан «Ана мен бала тәрбиесі» атты кітабының кіріспе сөзінде: «Бала қалай бітеді, қалай туады, әйел босанған кезінде қалай күтінуі керек, жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу дұрыс, баланың тамақтандыру тәртібі қандай болуы керек?» – деп зор мәселені көтерген екен.



IV

Нәзипа – әдебиетші, әдебиет жанашыры. «Әйел теңдігі» журналында әдебиетшінің ақын Шолпан Иманбаева туралы жазған мақаласы бар. Бұл ХХ ғасыр басындағы Шолпан есімді қазақтың талантты ақын қызын халқына таныстыруға арналған тамаша әдеби мақала десек артық айтпаған болармыз. Шындығында, бұл – Сұлтанмахмұт ақынның «Таныстыруы» сияқты мақсатты мұрат еткен мақала.

Әдебиетші Н.Сегізбайқызы: «Шолпанды мен ең алғаш көруім Ақмолада, 1921 жылдың күзінде. Соңалы, Қорғалжын еліне берген жерінен уезден барған бір инструкторлардың жәрдемімен күйеуінен шығып, Ақмоладан 30 шақырым жердегі апасына келген екен», – деп бастаған екен Шолпан туралы мақаласын. Н.Құлжанова Шолпанның өлеңдерімен газет-журнал арқылы танысқан. «Қызыл Қазақстан» журналында істеп жүргенінде Шолпан Нәзипаны іздеп, Орынборға келеді. Кездесіп әңгімелеседі. Нәзипа Шолпанға ақыл-кеңес беріп, жол сілтеген. Ал мына мақаласын әдебиетші 1927 жылы Шолпанның қазасын естігеннен кейін жазған.

Оқырманға аз-кем түсінік берейік. Шолпан Иманбаева 1904 жылдың мамыр айында Ақмола облысының Қорғалжын ауданы, Майбалық ауылында дүниеге келген. 1923 жылы Ақмола қаласындағы сауат ашу курсына оқыған. Оны бітірген соң, қаладағы балалар коммунасында тәрбиеші болып қызмет істеген. Осы кезден бастап шығармашылыққа ден қойып, өлкелік әйелдер курсына өз өлең-жырларын жиі оқып жүреді. «Жолаушы мен жұмыскер» деген алғашқы өлеңі 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған. Кейін «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдары мен «Жас қайрат» газетінде саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері жарық көрген. Иманбаева – өз тұсындағы қазақ әйелдерінің мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлаған ақын. Мысалы, «Қоңыр қаз», «Қазақ әйеліне», «Жолдасыма», «Апайға». Ақынның өлеңдері мазмұнының өткірлігімен, тілінің көркемдігімен ерекшеленеді. 1926 жылдың он сегізінші қыркүйегінде Ақмола қаласында дүниеден өткен.

Шолпан Орынбордағы қыздарға арналған мұғалімдер курсына оқып жүргенінде жоқшылық салдарынан ауруға шалдығады. Оқуын аяқтай алмай, еліне қайтады. Еліне барған соң, ауруы асқынып, ақын қыз дүниеден өтеді. Талантты ақынның қазасын естіп, қайымып, қайғырып, оның есімін халық жадынан шығармау үшін арнайы осы мақаласын жазған. Мақаланың атауы – «Шолпан ақын». Қандай әдемі! Шолпан Иманбаеваны біліп, танымайтын оқырман елең етіп, оның кім екенін білгісі келіп-ақ тұрады. Иә, ХХ ғасыр басында қазақтың Шолпан есімді ақын қызы болған.

Н.Құлжанова: «Шолпан ақын еді. Көбіне әйел мұңын жырлады. Ойына алған сөзді еркін жазатын түрі бар еді. Тәлім-тәжірибесі аздығы өрісін



кеңейттірмей келді. Ол кездері қазақ кітабы тіпті аз. Орыс жазушыларына тілі жетпей, Шолпанның ақындығы арманда кетті», – деп күңіренеді. Егер Шолпан дертке шалдықпай, оқуын аман-есен бітірсе, орыс тілін де меңгеріп, талантын шыңдар еді. Нәзипа апасы сықылды қазақтың қажетіне жарар қайраткер тұлға болатын еді.

Тегінде, осы Нәзипа Сегізбайқызы – шолпантанушы. Иә-иә, шолпантанушының нақ өзі. XX ғасыр басындағы қазақтың тағдырлы, ғұмырлы ақын қызының шығармаларын жинастырып, ақын мұрасына қамқор болған. 1927 жылы Қызылорда қаласынан Шолпанның таңдамалы шығармалары енген шағын жинағын шығарады. Міне, бұл – Нәзипаның істеген үлкен азаматтық сауапты ісі. Біз – бүгінгі жер басып жүрген әдебиет зерттеушілері ақын Шолпанның мұрасын жинастырып, жеке кітап қылып бастыртқаны үшін Нәзипа Сегізбайқызы рухының алдында мәңгілікке қарыздармыз!



«Айқап» газетінің 1915 жылғы №5 санында: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазыларға тиіс», – деген сөз кездеседі. Иә, Нәзипа – «ұлтым» деп еңбек еткен қазақ қызы. Ол – қазақ тарихындағы №1 әйел-педагог болып саналады.

Біз ықылым заманнан өткенге құрметпен қарап, салауат айтатын, келешекке үмітпен қарайтын ел емес пе едік?! Әрқашан «тарихтың осы бір шағындағы Алаш қайраткерлерінің тағылымды істерін бүгінгі егемен дәуірде ұрпақ жадына сіңіру – ұлттық абыройымызды ұлықтар, елдік қасиетімізді асқақтатар аса маңызды шаруаның айтулы шарасы болмағын» (Е.Тілешов) білуіміз керек.

XX ғасыр, Алаш қайраткерлері, қазақ оқығандары, қазақтың алғашқы баспасөзі, қазақ ғылымның бастауы туралы әңгіме болған кезде, біз қазақтың қайраткер қызы Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанкелінін ұмытпауымыз керек. Нәзипаның ісі, оның атқарған қызметі, тағылымды да өнегелі ғұмыры бүгінгі әрбір қазақ қаракөздерінің өмірлік мақсатына айналуы тиіс. Әрбір қазақ қызы Нәзипаны идеал тұтып, Нәзипаға ұқсап-бақса қазақтың бағы жанары анық.

Менің ұғымымдағы Нәзипа Сегізбайқызының ғұмыры «Қалғанша жарты жаңқам сенікі. Пайдалан, шаруаңа жараса, Алаш!» (М.Дулатұлы) деген қасиетті сөзге саяды. Анығында, осылай болған. Күмән келтіре алмайсыз!

Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова – саналы ғұмырын қазақтың келешегіне бағыштаған аяулы Алаш оқығандарының бірегейі.

Елдос ТОҚТАРБАЙ



АНА – АРДАҚТЫ ЕСІМ



*Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем,
Айға сіңілі, қарындассың қасиетті Жерге сен.*

Т.Айбергенов

Заманының заңғары, сырлы сөздің зергері Ғ.Мүсіреповтің М.Горькийден аударған «Өлімді жеңген ана» әңгімесінде мынандай бір жолдар бар: «Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана – әйелді құрметтейік! Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін еміп, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ!..»

Романтикалық асқақ леппен жазылған осы бір жолдар әңгіменің бүкіл идеялық мазмұнын айқындайды. Қарсы кездескен азулы аңдар мен табиғи кедергілерді перзентіне деген аналық махаббатының қуатымен жеңіп, қиыншылық атаулыны басынан мол кешіріп, азып-тозып шаршағанымен, ана жасанған жаудан да қайтпады.

Айбатынан ай жасырынған Әмір Темірмен де терезесі тең адамдай сөйлеседі:



...Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Сондықтан да мен сені адамға санамаймын да! ... Бірақ сен маған еріксіз әділ боласың. Үйткені мен – ана! Сондықтан сен маған әділ бола аласың!

Жау қолында қапыда кеткен ұлын дүниенің бір қиырынан іздеп келген ана махаббатының күдіретті күші аты шулы жиһангер Ақсақ Темірдің өзіне «...Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар. Мүмкін жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... Енді семіз жерге бақ екпей, бақыт егетін адам керек шығар...» дегенді айтқызады.

Қаһарынан жарты әлем дірілдеген Әмір Темірдің өзі де перзентіне деген махаббатымен күллі қиындықтарды жеңген ана алдында бас иеді. Аударманың соншалық жатық, әрі әсерлі болып шығуы қаламгер талантына байланысты десек те, бұл әңгіме бізге аударма секілді сезілмейді де. Бұдан біз аналарымыздың ерлік рухы мен аналық күдіретінің жылуын сеземіз, тарихымыздан ойып тұрып орын алған аналарымыз ойымызға оралады. Қобыландыдай ердің қамқоры қыз Құртқа, опалы жар Гүлбаршын, өткір де өжет Ақжүніс, ел татулығы, ер ынтымағының бұзылмауын көздеген Айман сынды апаларымыздың ата салты, баба өсиетін қадір тұтып, махаббатқа адал болған ару Баян, сұлу Қыз Жібек секілді эпос кейіпкерлерінің аяулы бейнелері осындай ойларға еріксіз жетелеп әкеледі.

Есімі бір тайпа елге ұран болған Қызай, Қарқабат, Домалақ аналардың өмір жолы туралы, қадір-қасиеттері туралы айтылып жүрген аңыз-әпсаналардан ұлттық болмысымызды танимыз. Аударманың өне бойынан өзімізге таныс емес бір сөзді кездестірмейсің. Бәрі де жатық, сонша таныс ұғымдар мен атаулардан ана тіліміздің иірімді сырлары мен қуаты мол тереңдігін кәміл сезесің.

Атасы бөлек жұрт қаламгерінің туындысын қазақша сөйлеткен Ғабит Мүсірепов оған қазақ анасының мінезі мен жан сұлулығын, парасат-пайымын сіңіре аударғаны қандай ғажап десеңші!

Жалғанның жарығына келгеннен ана құшағында, аялы алақанының жылуы мен шуағына бөленіп күн кешеміз.

«Диірменнің тасындай шыр айналған дүниенің» сыр мен сымбатын, өрі мен ойын ұғындырып, ағаттықтардан аулақ болуға баулитын да аналар ғой. Өзегін жарып шыққан перзенті үшін отқа да, суға да түсуге даяр ана «сенің табаныңа кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын» дейді. Ес білгенде ақыл кіріп, санамыз толыққанда, өмірдің қызыққа толы шуақты күндерін кешіп, бақыт теңізіне шомылғанда, ана есімін құрметпен атасақ, жапа шегіп, жан күйзелгенде іздер панамыз, жан жұбатар қамқорымыз тағы да – Ана.

Шығыстың шайыры Құтбтың: «Ана – күн сәулесі тәрізді, есікті жапсаң, терезеден түседі!» деген қанатты сөзі ана қасиетін күнмен



теңестіреді. Бұл –асып-тасып асқақтау емес, ана мейірімінің, шуағының сәулесі араламайтын, жылытпайтын адам жанының қалтарысы болмайтындығының куәсі.

Ана күнделікті өмірде: отбасында, жұмыста, ел арасында, қоғамдық қызметтерде де ана болып қала береді. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкенде, ерлермен бірге қолына қару алған қайратты аналар есімі тарихтан белгілі. Әрідегі туған елдің туын жықпай, елінің тәуелсіздігі үшін атқа қонған Тұмар ханшайымның Кирге қарсы шығып, ерлерше күресуі – ана жүрегінің ерлікке де даярлығының нақты дәлелі. Өмірдің әні, тірліктің сәні – аналардың асыл бейнесі әндермен де, көркем қара сөзбен жазылған тамаша туындылармен де сомдалған.

«Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген қанатты сөзді айтқан халқымыздың аяулы қызы Фариза ақын:

Сенің нәзік денеңнен,
Мейірімнің желі ескен.
Сол аяда мен өскем, – десе,
ақиық ақын Мұқағали:
Анам маған: – Үлкенді сыйла, – деген,
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем, – деп, ағынан ақтарылып, жүрегінен жыр төгеді.

Тілмен жеткізе алмайтын жүрек қуанышын жан тербейтін сазбен жеткізетін сазгер ағаларымыздың ана махаббаты, ана құшағының қадірі мен қасиеті жайлы тамаша әндері де бар. Жаныңды тербеп, ақ жауындай ақтарыла төгілгенде жанарыңа жас үйірілтер сиқырлы ән құдіретінен бүкіл аспан асты қуаныш пен іңкәр сезімінің ақ нұрына шомылғандай әсер береді:

Әлемнің жарығын,
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін,
Жинадың сен маған, – деп, шалки түсіп, үйіре жөнелгенде дүние сазды әуеннің ырғағымен дөңгеленіп билей жөнеледі.

«Әлемнің жарығын сыйлаған» ана көңілін баласы қашан да көзінен таниды. Таниды да, «анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деп, жалғанға жар салып, ана махаббатының құдіретін паш етеді. Қасиетті Құранда «Әуелі жақсылықты анаңа жаса, тағы да анаңа жаса, содан соң туғаныңа жаса деген» деген ұлағатты ойлар бар. Егер баршаның іздегені жұмақ болса, ол да «ананың табанының астында».

Белгілі жазушымыз Ғ.Мүсіреповтің қаламынан туған «Ақлима» әңгімесіндегі Ақлима ана бейнесі, әрекеті мені ерекше толқытты. Өзегін жарып шыққан Қасымы қанды шайқаста опат болғанда Ақлима ана жаралы жауынгер Сапардың өмір мен өлім арасында жатып жазған хатын оқып, ерекше тебіренеді. Қайғының қара орманында жалғыз қалып, өмірден күдер үзгендей болған Ақлима ана енді дүр сілкінеді.

Жаралы жауынгердің өз анасына жазған хаттарында амандық-



саулықты айтудан басқа ана мен баласы арасындағы ерекше сырласу мен іңкәрлікті сезеді. Ақлима ананың бұл хаттан бар ұққаны – сонша ерлік істеген жаралы жауынгердің анасын сағынып жатқандығы болады. Жүрегі тебіреніп, жанары жасаурап: «Балам!» деп жылы құшағын ашып, аналық мейірін төгеді. Сапарды шақыртқан телеграмманы да сол сағатта-ақ жібертеді. Өз баласы болмаса да: «Кел!» деп шақырады. Бұдан түйетініміз, Отан қорғау жолындағы майданда қанын төккен әр жауынгер Ақлима сынды әр ананың өз баласындай болды. Әңгімедегі Ақлима ана бейнесі қарапайым анадан Отан-Ана бейнесіне дейін көтерілген. «Ана қасиетін осылайша ғажайып жырлаған Ғабенді мақтамау керек, Ғабенмен мақтану керек» дейді З.Қабдолов.

Мен және менің замандастарым аналарымыздың аялы алақанында өсіп, берген тәлім-тәрбиесін, ақыл-кеңесін зая кетірмей, өмірден өз орнымызды тапсақ дейміз.

Ешқашан анамды мен үшін ұялып, мен үшін қызаратын халге жеткізбей, бар асылын әлемнің, маған құйған жан анамның үмітін ақтап, тірлігімде жырадан бой көрсетпей, ешкімге көлеңкемді түсіріп, азабымды тартқызбай, алыс-жақын қазақтан жақсылығымды аямасам деймін. Сонда анамның да ел-жұрт алдында жүзі жарқын, еңсесі биік болады. Ана қуанышын еселей түсіп, шат та жарқын өмір сүрсем, өзімді бақыттымын деп санаймын.

Сөзімнің соңында тағы да Ғабит Мүсіреповке жүгінгім келеді: – Адам – азамат атанса, әйел – ана атанса, адам баласы – біріне-бірі жолдас атанса, ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма? («Ананың арашасы»). «Ана – ардақты есім» дегенді мен осылай түсінемін және мен үшін осыдан артық киелі ұғым жоқ.

Қарлығаш БАЙТОҒЫМОВА





МЕН АНАМДЫ КЕЛЕДІ ЕРКЕЛЕТКІМ

Білесің ғой, өмір деген – өліара сын,
Тайдырады ескен жел жол ағысын!
Неге саған кіжінеді анау төбет?
Қаусап неге жылайсың, о анашым?

Жағдайыңды тірі жан сұрамаған,
Кездерің көп жылаған, жыламаған,
Тағдырдың қыл-тұзағы шырмағанда,
Көз жасыңды сүртпеді мына ғалам!

Қайран жүзің мүжіліп жүдеді ме?
Тағдыр салды кісенді жүрегіңе.
Неге бүгін күрсінді көк аспаным?
Әлде, ол да барлығын біледі ме?

Жойқынданып кетсе де тасып әлем,
Дірдек қағып тұрамын жасып әрең.
Мен бәріне көнер ем, бірақ, ана,
Төзе алмаймын ақ түскен шашыңа мен!

Бейғам көңіл сен бізден ерте кеттің,
Және де сен шешемді желкелеттің!
Соқпақтарға жығылып, сан жылаған,
Мен анамды келеді еркелеткім...

САҒЫНЫШ

Жүргендейсіз хәлімді жылап-сұрап,
Жерініп жүр ме екенсіз әлде менен?
Екеуіміз де батылмыз бірақ, бірақ,
Екеуіміз де қорқамыз әлденеден.

Сан қилы тағдырымнан аттап ар да,
Жанарым да моншағын жылап үзді.
Көміп тастап жүрмін мен аппақ қарға,
Сіз екеуіміз жасаған күнәмізді.

Біз қайтеміз керімсал кезді бөтен?
Ұмыт дейсіз, жаныштап арманымды,
Сонда сіздің жаныңыз сезді ме екен?
Ұмытуды ұмытып қалғанымды.

Жалғыздықтан жабығып тоңып, талдым.
Хатыма менің мүлде үндемейсіз,



Мен сізге тағы ғашық болып қалдым,
Сіз не дейсіз?

МӨЛДІР СЕЗІМ

Біздің жолды шарпыса да шатпақтар,
Ақын қыздың аңғалдығын ақтап та ал!
Менің мөлдір сезімімдей дәл қазір
Алматыға жауса екен аппақ қар!

Жүрек тулап, басым ауып, күй маздап,
Ессіздікке еліремін кейде аздап.
Сізді мүлде жек көремін дей салдым,
Сүйемін ғой дей жаздап...

Кім біліпті жұбатар деп бұлай мұң,
Сырқат түнде сынық ғұмыр құраймын.
Кейде сізді ойлап алып әдейі,
Жаным, тәнім үгілгенше жылаймын.

Қайран басым төмен қарай бұғады.
Жалаң жұрттан естіп жүрмін сын әлі.
Бәлкім бұлай болуына бәрінің,
Ақындығым кінәлі...

ҮШ ЖАРЫМ

Қарап қалсам сағатыма,
Үш жарым...
Күмілжиді көкейімде құштар үн.
Үш жарымды көре бердім, о неге ?!
Сезінгендей бір беймәлім күш барын...

Өрілгенмен үш жарымда өлеңім,
Қайда барсам сол уақытты көремін.
Бәлкім сағат үш жарымда куанам,
Бәлкім сағат үш жарымда өлемін.

Қапеліме қамсыз ойлар ереді,
Болмаса да өзі жайлы дерегі.
Үш жарым жыл күтіп жүрген сүйгенім,
Бәлкім сағат үш жарымда келеді.

Көргеніммен ауық-ауық түн бетін,
Жйі-жиі жыр оқимын түнге тым.
Сағасы өткел сезімдерден дерт ішіп,



Үш жарымда мұң шағады кімге- кім?!
Таусылғандай жүректегі жыр-әні,
Үркек ойдан арылмады түн әлі.

Үш жарымда тоқтап қалған үйдегі,
Барлығына біздің сағат-кінәлі!
Қарап қалсам сағаттыңа,
Үш жарым...

САУАЛДАР

Тарпаң жылдан түкте біз үйренбедік,
Бар болғаны жауынды сүйіп едік.
Тамшылар да жарысын билеп жатыр,
Жауап берші, біз неге билемедік?!

Біреулердің бақытын ұрламадық,
Біреу бізге сұқтанып тұрғаны анық.
Ақындар ышықтарды жырға қосты,
Біз неге өзімізді жырламадық?!

Бақыты боп жаралып байрақты ұлдың,
Бар ғаламға бұлбұлдай сайрап күлдім.
Шыңылтыр күн шуағын шашып еді,
Жаз шыққанда мен неге жайнап тұрдым?!

Сертіңізге қалып ем сенің тектім,
Қаңқу сөзге жаныммен еліктеппін.
Қытымыр қыс суығын сездіргенде,
Сен неге әлсіз қардай еріп кеттің?!

От құшақтың сезсем де күшін мейлі,
Біреулері: «ағаттық ісің» – дейді,
Қосылмасак қос тағдыр күйрейтінін
Әттең, тіпті, ешкім де түсінбейді!
Бізді осы ешкім де түсінбейді...

Ақгүл АЙДАРБЕКОВА



ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ШЕЖІРЕШІСІ



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет орденінің иегері, кинорежиссер, продюсер Сламбек Тілеуғабылұлы Тәуекел бүгінде 70 жас мерей той иесі атанып жатыр. Осы жастың 50 жыл жуығында кино саласының сан-қырында атқарған қызметі ұшан теңіз. Қазақ киносы тарихының егжей-тегжейін білетін, бүгінгі күннің шежірешісі, асыл қазынасы Сламбек Тәуекел – «Қазақфильм» киностудиясына Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын тәмамдап келгеннен бері талай тарихи оқиғаның куәгері де бастаушысы да болған. Кинематографияның тоқырау кезіңінде қиындықтан шығар әр түрлі жол іздеп, кино саласының білікті басқарушысы ретінде жас мамандар тәрбиелеуге баса назар аударды. Дарынды жастардың өнердегі жолына көпір салып, маман ретінде алғашқы қадамдарын қолдаған бірден бір себепкер адам. Иә, дәл солай «себепкер» адам. Соған байланысты бүгінде елімізге танымал «Жаңа толқын» өкілдері деп аталып кеткен сол кездегі бір топ қазақ жастарын 1980 жылдан бастап О.Сүлейменов, М.Әуезов пен Л.Ғалымжанованың ұйымдастыруымен республикамызда білікті жас режиссерлерді тәрбиелеу мақсатында Мәскеу қаласындағы кинематографистер институты (ВГИК) С.Соловьевтің шеберханасына талапкерлерлерді жіберуге ат салысқан. Олар бүгінде елімізге танымал Т.Теменов, Р.Нұғыманов, А.Әмірқұлов, А.Қарпықов, Д.Өмірбаев, С.Апрымов, С.Құрманбеков секілді т.б. кинематографистер. Аталған режиссерлердің әрқайсысы европалық және азиялық кинофестивальдерден бас жүлделердің иегері атанып, қазақ киносын әлемге шарықтатты.

1993-1997 жылдары С.Тәуекел экранды америкалық және коммерциялық фильмдер қаптап кеткен аумалы-төкпелі кезеңде кино өнерін насихаттау және дамыту мақсатында И.Вовнянкомен бірлесіп мемлекетке «Қазақкинофест» акционерлік қоғамын ұйымдастырып, «Кадр» продюсерлік студиясын құрған. Алматы қаласындағы «Арман» кинотеатрының прокатында америкалық фильмдердің саны көбейіп, 800-



1000 орындық кинотеатрлардың залдары қаңырап бос тұрған уақытта, елшіліктермен бірлесе келісім-шартқа отырып, дүниежүзі киноөнерінің үздік фильмдерінің көрсетілімін өткізген. Кинофестивальдер мен әр елдің кино апталығын өткізу арқылы қиындыққа тойтарыс берген. Бұл қадамда сондай-ақ, кино қайраткерлерінің арнайы шығармашылық кештері өткізіліп, кино өнерінің алтын қоржынындағы фильмдерін көпшілікке көрсетіп, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі мүгедектер мен зейнеткерлердің тамашалауына жол ашқан.

Сламбек Тәуекел белгілі кинорежиссер, кинооператор И.Вовнянкомен бірге 1996 жылы өткізілген автокиномарафонның негізгі жоба авторы және жетекшісі. Әлемкиносының 100жылдығымен Қазақстан республикасының 5 жылдығына арнайы өткізілген Халықаралық автокиномарафонда әлемнің 25 мемлекетін аралап, қазақ киносын насихаттаған. Сондай-ақ, 2017 жылы елордамызда өткізілген XIII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің ең алғашқы негізін қалаушыларының бірі, ұйымдастыру ісінің басы-қасында жүріп, фестивальдің бағдарлама директоры қызметін атқарған. Аталмыш кинофестиваль еліміздің фильмдерін насихаттап қана қоймай, біршама жас дебютанттардың бағы жанып, елдің имиджі мүддесіне бүгінгі күнге дейін қызмет жасауда. 1971 жылы мультипликациялық бірлестіктің директоры қызметінде жүріп, анимация өнерінің қыр-сырына мән беріп, зерттеп, зерделеп «Айнакүн» (1975), «Өмір бұлағы» (2009) анимациялық туындыларының сценарийлерін дүниеге әкелген. Ал, көркемсуретті деректі фильмдеріне назар аударатын болсақ, Сламбек ағаның ұлттық бағыттағы фильмдер түсіргенін байқаймыз. Атап айтқанда: көркемсуретті фильмдерінен «Батыр Баян» (1993), «Махамбет» (2007), «Жерұйық» (2010) атты тарихи туындыларында халқымыздың дара тұлғалары мен тарихын экрандаған. Өнер саласына орасан зор сүбелі үлес қосып келе жатқан Сламбек аға кино өнеріне өзінің көркемсуретті фильмдері арқылы біршама жана есімдерді әкелгені белгілі. Мәселен: Жұмахан Әбдіқадыровты қазақ халқы «Батыр Баян» рөлімен танып, «біздің батыр Баянымыз» деп атап кеткен.

Ал, енді деректі фильмдеріне көшсек, біз, режиссердің қоғам және адам тақырыбына жиі баратынын байқаймыз. Толықметражды деректі «Армысың, әз Наурыз!» (1991) фильмі алғашқы рет экранда наурыз мерекесінің этно-тарихи, этно-мәдени маңыздылығы мен құндылығын дәріптесе, «Киіз үй» (1991) фильмі ата-бабамызға қоныс болған киіз үйдің архитектуралық ерекшелігін тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарастырады. Географиялық елді мекенде атауы болғанымен, қараусыз мекен Павлодар облысындағы Жаңабет ауылы мен Новокрасное ауылы жайлы «Қағажу» (1991) («Потерянный край») фильмінен кейін деректі биографиялық фильмде өмірдің ащысы мен тұщысын көрген халқы үшін елеулі еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері, алып бәйтеректердің шығармашылық тағдыры мен адами болмыс бейнесін жан-жақты қарастырған. Мәселен: «Мұң» (1997) атты деректі фильмде Ұлттық ғылым академиясының академигі, балалар дәрігері Камал Сәруәрұлының



игі істері көрініс тапса, «Қанышты ашқан жер биігі Жезқазған» сөзінің өзегін ала отырып түсірілген «Сәтбаев: Ғасыр адамның толғауы» (2000) атты фильм геолог, тұңғыш академик, Қазақстан Ғылым Академиясының бірінші президенті Қаныш Имантайұлының бейнесін ашады. Сондай-ақ, сахна және кино актерлері жайлы «Актриса апа» (2008) Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Тамара Қосыбаева туралы, «Сағыныш» (2011) кино актер Сағи Әшімов жайлы, «Төзім» (2013) театр және кино актері Кененбай Қожабековтың тағлымы мол тағдырлары экрандалса, жақын арада қолға алған «Тұңғыш» атты деректі фильм қазақтың ең алғашқы ғарышкері Токтар Әубәкіров туралы түсірілген.

Балалар тақырыбына арналған телевизиялық «Бір бала» фильмі де көпшілікке таныс. Осы фильмдердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да, автордың кейіпкеріне деген құрметі сезіледі. Көркемсуретті жанрдағы фильмдері мен деректі фильмдегі кейіпкерлерінің өмірі шындыққа негізделгендіктен, деректердің құнды екендігі сөзсіз.

Сламбек Тәуекел Қазақстан Республикасының мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қорының атқарушы директоры қызметінде жүріп те, біршама сұрақтарды алға тартып газет беттеріне қазақ киносының атасы Ш.Айманов туралы «Шәкен. Шәкен аға. Шәкен ата», журналист, қоғам қайраткері «Камал Смайылов деген атақ иесі», «Тұлға тегеуріні», режиссер Қ.Қасымбеков туралы «Қарсақбаевтан кейінгі режиссер», қазақ киносына ерең еңбек еткен Л.Ғалымжанова «Қас-қағым сәт немесе бүкіл ғұмыр», ұлы актер К.Қожабеков жайлы «Нағыз адам туралы», көрнекті қаламгер, актер С.Сәнбаев туралы «Сегіз қырлы, бір сырлы», қазақ кинотану ғылымының негізін қалаған Б.Нөгербек туралы «Сыншы» және өзінің және өзгенің жасаған кино туындыларына жазған «Махамбет түсіріліп бітті. Енді...», ««Батыр Баян» – еркіндікті аңсаған батырлардың киносы», «Нағыз ұлттық туынды», «Құсбегі», «Эрнест пен Ермектің шалдары», «Қайсар қазақ балалары туралы баллада», «Мультқарлығаштың ұядан



ұшқан күні», «Мәдениет неге толық қаржыландырылмайды?» секілді т.б біршама мақалалары жарық көрген. Бұл мақалалармен таныссақ, С.Тәуекелдің қазақ киносының тарихына әр уақытқа дер кезінде үндеу беріп, қоғамның өзгерістерінен артта қалмай белгілі бір адамдарға, әр түрлі келелі мәселелерге байланысты өзекті де құнды мәліметтерді жазғанын аңғарамыз.

Қазақ киносының алтын ғасырындағы корифейлеріміздің көзін көрген Сламбек аға кино саласының сан-қырында еңбек етіп, ақпарат жүйесінің дамуына ықпал еткен. 2001-2004 жылдары – «Қазақстан» РТРК корпорациясының бірінші орынбасары, әрі бас продюсері қызметін атқарған жылдары көгілдір экранымызға ұлттық бағыттағы



телебағдарламалар еніп, өзгешеленді. Қоғамда әр-түрлі қылмыстың өршіп, тәлім-тәрбиенің бәсеңдеген кезеңінде «Күлтөбе», «Шынның жүзі», «Ақжүніс», «Ән мен әнші», «Үзеңгі жолдас», «Жаңа күн» секілді бағдарламалар экранда көрініс тапты. Бұл бағдарламалардың сапасы жоғары, берер тағлымы мол еді.

2004-2005 жылдары – Қазақстан Республикасы Мәдениет ақпарат және спорт министрлігі ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы қызметін атқарғаны да белгілі. Бүгінде Сламбек Тілеуғабылұлы Қазақ ұлттық өнер университетінде 2014 жылдан бастап «Кино және теледидар режиссурасы мен продюсерлігі» мамандығы бойынша шәкірт тәрбиелеуде. Ғұмырын кино өнерімен байланыстырған шежірешіміздің мерей тойы құтты болсын!

Назгүл АҚШАЛОВА



ӘЙЕЛ СҰЛУ ҚАШАНДА ӘДЕБІМЕН



«Қыз әкесін тозақтан қорғаушы, әйел күйеуінің иманының жартысы, ал жәннат ананың табанының астында» дейді нәзік жанды жаратылысты ерекше құрметтеген ислам дінінде. Тіпті, қызы бар үйге Алла Тағала күнделікті береке түсіреді екен.

Бұл жайлы Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

«Кімнің үйінде қыз бар болса, ол үйге күн сайын көктен он екі береке түседі. Ол үйге періштелер тынбай (үздіксіз) келіп тұрады. Әрбір күн, әрбір түн сайын олар (сол қыздың) ата-анасына бір жылдық құлшылықпен тең сауап жазып отырады» [1], – деген.

Қоғамның бет алысы да әйел затының тәрбиесі мен әдебіне байланысты. Өйткені, баланы дүниеге алып келетін, жатырдан бастап негізгі тәрбиені сіңдіретін осы әйел заты. Бұл жаратылыс – нәзік әрі сұлу, іштей күшті, қылықты, сезімтал, айналасын ақылымен және айласымен гүлдендіріп, болмаса, түнертіп отыратын күшке ие. Әйел туралы қанша тілге тиек етсең де ашылмаған сыры мен жұмбағы көп дүниелер ақтарыла береді. Ал ислам әдебінде әйел атаулысы қандай болуы керек? Оның киім киісі, жүріс тұрысы, сөйлеу әдебі мен құқықтары қандай? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

ҚЫЗ - ҚОНАҚ ҺӘМ НЫҒМЕТ

Әйел – бала шағынан бойына тәрбие жинап, әдебі мен ибасын қалыптастыра бастайды. Кейбір қоғамда қыз бала туса, ренжіп, көңіл бөлмей жататын жағдайлар кездесіп жатады. Алайда, қыз бала туғанда ренжу, әсіресе анасын айыптау – үлкен қателік.

Құран кәрімде: *«Алла қалағанына қыз, қалағанына ұл бала береді. Біреулерге әрі ұл, әрі қыз бала береді, ал қалағанын тумайтын қылады. Барлық нәрсені хаққымен білетін және бүкіл нәрсеге күші жететін тек қана Алла»* делінген. [2]



«Қыз баланы жақсылап тәрбиелеп, Алла Тағала берген нығметтермен мошшылықта жегізіп, киіндірсе, бұл қыз ол үшін берекет болады, тозақтан құтылып жәннатқа оңай кіруіне себеп болады» [3] дейді Алла Елшісі (ﷺ).

Қыз баласын жат жұрттық санаған қазақ халқы қызды төрге шығарып, аялап, барын алдына қойған. Әжесі, анасы, жеңгелері бірлесіп тәрбие берген. Бұл дәстүр әлбетте еліміздің ата діні исламның өнегесі, ғұрып болып қалыптасқан әдебі. Екі дүние сардары болған Мұхаммед (ﷺ) өз сөзінде:

«Базардан жеміс-жидек алып үйіне әкелген адам садақа сауабын алады. Әкелген жемісті ұл балаларынан бұрын қыз балаларына берсін! Әйелдерді, қыздарды қуантқан адам Алладан қорқып жылағандардың сауабын алады. Ал Алладан қорқып жылағандардың денесі тозаққа харам болады» [4] деп қызды қадірлеуді өсиет етсе, тағы бір хадисінде:

«Үш қызына қажеттіліктен құтылғанға дейін жақсы қараған, ішіп-жегізіп, киіндірген адам әлбетте жәннатқа қол жеткізеді» [5] деген.

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ

Қыз – жайқалған гүл. Қалай баптасан, сондай болып өседі. Қыздың бойында ұят, намыс, инабат, адамгершілік, ұяндық болуы тиіс. Қазақ ықылым заманнан қыз баласын намысым, арым, ұятым деп қадірлеген.

Қызды қырық үйден тиым жасап, әр әрекетін қадағалаған. Әлбетте, он екі де бір гүлі ашылмаған бойжеткен кім-кімнің болсын назарынан тыс қалмайды. Сондықтан да оның бүкіл бойға біткен әдебі, тәртібі өте маңызды дүние. Дана халқымыз: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп, бекер айтпаған.

Қызды тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз.

ҚЫЗ МІНЕЗІ

Осы тұрғыда бүгінгі замандағы қыздардың мінез-құлқына соқпай кете алмаймыз. Итің ұры десе, намыстанатын қазақ қыз тәрбиесіне келгенде босаңсып қалған секілді. Олай деуге себеп, әлемді айтпағанда қарапайым тон терісін жамылған қазақтың кейбір қара көздері түскен жағдай ұлтымызды масқара етіп жатқан жайы бар. Ұяттан аттап, иманды ұмытып, көргенсіз деген атты жамылған қазақ қыздарын еске алғанда жүрегің қан жылайды. Мұның барлығы иманның әлсіздігінен туындап отырғаны күлліге айқын жағдай. Бірақ әуелден мұсылмандықты ұстанып, осы имани тәрбиені бойына сіңірген ибалы қыздар ұлттың ары болып, жүзін жарық етіп тұрғаны шүкірлік етерлік дүние. Аллаға шүкір егемендік туы желбірегелі бұқара халық өз ата діні исламмен қауышты. Ел ертеңі болар жастар да иманға бет бұрып, қазақы тәрбие қайта жандана бастады. Дегенмен бүгінгі таңда нәзік жандылар әдеп, иба тұрғысында қак ортадан екіге бөлініп кеткені де рас. Сонымен, мұсылман қызы қандай болуы керек?



Мұсылман қыз ең алдымен өз ары мен намысын биік ұстауы тиіс. Құлшылықтарына аса мән беруі керек. Өйткені, ғибадат бар жерде әдеп ретке келеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ):

«Ұяттылық пен әдептілік әрқашан қайырлы істерге бастайды», – деген.

Ұят-әдепті белден басып өте беретін, отырғанда, тұрғанда өзінің жаратылысын ескермейтін, қызға өте жарасатын қымсыну, тартыну, қызару, имену деген ойына кіріп-шықпайтын қыз өзіне ғана емес, ата-ана, бауыр-туғандарына сөз келтіріп, жерге қаратады. Сондықтан қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлде болмайды.

«Ұят боладыны» құлағына құйып өскен қыз әрқашан өзін-өзі сабырлы, әдепті ұстайды.

Міне, қыздың келесі бір ахлағы – ұят. Пайғамбарымыз (ﷺ):

«Ұят – иманнан» дейді.

Жүрегінде иманы бар, Алладан қорқатын адам әдепсіздік жасаудан қашанда тартынады. Сондықтан қыз баласы иманын қуаттап, ұятты, инабатты, сыпайы, сыйлы болуы тиіс. Яғни барлық рухани жақсылықтар қыз бойынан табыла кетсе, ол болашақта салихалы әйелдерден болары сөзсіз.

КИІМ КИЮ ӘДЕБІ

Қыз баласының мінез-құлқына әсер ететін үлкен бір дүние – киім кию үлгісі. Қасиетті Құранда:

«Мүмін әйелдерге де айт! Бөтен еркектерден көздерін төмен түсірсін! Әрі ұятты жерлерін харамнан сақтасын! Олар тек өздігінен көрініп тұрғаннан басқа әшекейлерін көрсетпесін! Және орамалдарын басына салып, онымен омырауларын жапсын! Әрі олар әшекейлерін көрсетпесін! Тек күйеулеріне, немесе әкелеріне, немесе күйеулерінің әкелеріне (яғни қайын аталарына), немесе ұлдарына, немесе күйеулерінің (басқа әйелдерден туған) ұлдарына, немесе аға-інілеріне, немесе аға-інілерінің ұлдарына, немесе әпке-сіңлілерінің ұлдарына, немесе мұсылман әйелдерге, немесе құлдарына, немесе әйел керек қылмайтын еркектерге, немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін жас балаларға көрсетсе онда оған рұқсат. Өздерінің жасырған әшекейлері біліну үшін аяқтарымен жерді тепсініп жүрмесін! Әй, мүміндер! Табыста болуларың үшін барлығың Аллага тәуба етіңдер!» – делінген [6].

Бүгінгі қоғамның бұзылуы да қыздардың тым ашық киінуінен. Ұзын жең, ұзын етек көйлек пен жаулық – қазақ халқының дәстүрлі киім үлгісі. Оны ешқашан бізден емес деп айта алмаймыз. Классик жазушы М.Әуезовше айтсақ, «Орамал – дәстүр, орамал – шарифат шәлісі».

ИМАНДЫ ӘЙЕЛ

Иманды әйелдің өзі де, сөзі де сұлу, өйткені, ол ылғи да ақылына жүгінеді. Ал, әйелдерді қорғайтын ең мықты қалқан, ол – оның иманы.



Нағыз сұлулық жан сұлулығы, жүрек тазалығы десек, соның негізі – иман. Әйел баласын Алла Тағала өте нәзік әрі әлсіз етіп жаратты. Оған табиғи рең беріп, көркемдеді. Толағай-тағдырдың салмағын нәп-нәзік жүрегімен көтере білсін деп оның әлсіз иығынан бастап, тұла бойын төзімді етіп жаратты. Және дүниеге адам әкелуді, әр ауыртпалықты жеңсін деп Алла Тағала оған мықты қажыр берді. Ерінің иманының толығына, нағыз ер болып қалыптасуына әсер ететін де осы әйел. Омар ибн Хаттабтың (р.а.) риуаятында Алла елшісі (ﷺ): *«Иманды әйел – қайырлы іс жасамайтын 1000 еркектен де қайырлы»* [7] деген.

ӘЙЕЛ ҚҰРМЕТІ

Ер адамның жәннатқа кіруіне де әйелі мен отбасының жағдайлары себеп болмақ. Алла Тағала: *«Сондай-ақ, олармен (әйелдермен) жақсы шығысыңдар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселеріңде Алланың көптеген жақсылығы болуы мүмкін»* [8] деп, ер азаматтарға ескерту жасаған.

Исламда әйел адамға үлкен құрмет көрсетілген. Құран Кәрімде *«Ниса»* (*«Әйелдер»*), *«Мәриям»* деп аталатын сүрелер тікелей әйелдерге арналған. Сондай-ақ, *«Нұр»*, *«Ахзаб»*, *«Мұмтахина»*, *«Тахрим»*, *«Талақ»* сүрелерінде де дініміздегі әйел адамның орны туралы кеңінен айтылған. Бұл – ислам дінінің әйелдерге қаншалықты көңіл бөлгеніне дәлел. Күйеуге ұзатыларда да қыздың разылығы міндетті түрде ескерілді. Құранда: *«Әйелдер сендердің киімдерің, сендер әйелдеріңнің киімдеріңдер»* [9] - деп жұбайларды бір-бірінің денесін суықтан, ыстықтан қорғайтын, рухты түрлі зиянды нәрселерден қорғайтын киімге теңеген.

Исламда *«Жәннат – аналардың басқан ізінің астында»* (Әнәс) деп әйел-ананың тұлғасы ерекше ұлықталған. *«Пайғамбарымызға (ﷺ) келген бір адам: «Алланың елшісі, кімге жақсылық жасайын?», – деп сұрайды. Бұған Пайғамбарымыз (ﷺ) оған: «Анаң», – деп жауап береді. Әлгі адам екінші рет: «Одан кейін кімге жасайын?», – дегенде, – «Анаң» деген жауап алады. Әлгі адам тағы: «Одан кейін кімге жақсылық жасайын?», – дегенде Пайғамбарымыз (ﷺ) оған үшінші ретте де «Анаң», – деп жауап береді. Тек төртінші рет сұрағын «Одан кейін кімге?», – деп қайталағанда, Пайғамбарымыз (ﷺ) оған: «Әкеңе», – дейді. Бұл хадис Исламда ананың (әйелдің) деңгейі үш есеге жоғары екенін көркем жеткізген.*

АНА БОЛУ

Ана болу – әйел адамның бақыты. Ананың жауапкершілігі де қиындығы да көп. Сондықтан, Алла Тағала анаға сондай мол сауап *«Әйел жүкті болған кезде оған күнін оразамен, түнін құлшылықпен өткізгеннің сауабы жазылады. Толғағы басталған кезде, ешбір жаратылыс Алланың оған қандай сый беретінін білмейді. Ол сәбиін дүниеге әкеліп емізе бастағанда, сәбидің әрбір жұтымы үшін, әрбір емізгені үшін оған өліні*



тірілкендей сауап жазылады» (Абдуррахман ибн Ауф). Келесі бір хадисте «Әйел жүктілік уақытында, сәбиді туып асыраған уақытында Алла жолында жүрген жауынгер сияқты. Егер бұл уақытта қайтыс болса, оған шәһидтің сыйы беріледі» деген [10].

Алла тағала әйел затын қыз бала, жар, ана ретінде мол сауаптарға кенелтіп, мәртебесін көтергенін білеміз. Біздің басты мақсатымыз Аллаға мойынұсынған, салихалы, күйеуіне бағынатын, ардақты ана, аяулы жар, тәрбиелі қыз болу. Осындай жағдайда әйел заты өзі ғана емес жақындарын да берекеге кенелте алады. Ал олай болмаған жайдайда, «Әйел тозаққа түсетін болса, төрт еркекті өзімен бірге алып кетеді. Ол кім десеніз, әкесі, ағасы, інісі, күйеуі. Бұл осы төрт кісі әйелдің түзу жүруіне жауапты деген сөз» дейді ғалымдар.

Жақсы әйелдің сөзінде даналық, рухында нәзіктік пен кіршіксіз тазалық, адамдармен қарым-қатынасында әрдайым өзін еріксіз сыйлататын және құрмет тудыратын қасиет болады. Парасатты жандар оның әлгіндей асыл қасиеттерін сезіп, пенделік сезімдерін ғибрат пен терең ойға еріксіз бұрады. Арлы, тәрбиелі және өз ошағына берік әйелдің үйі – Жәннаттың бір бұрышы. Ислам әйел адамның мәртебесін көтерді, әдебі мен тәртібін үйретті. Сол заңдылықтарды ұстана отырып амал жасап, салихалы әйел болып, Алланың разылығы мен жәннатына қол жеткізу әйел атаулысының өз қолында.

[1] Әбу Һурайра

[2] «Шура» сүресі, 49, 50 аяттар

[3] Табарани

[4] Ибн Адий

[5] Әбу Дауд

[6] «Нұр» сүресі, 30-31 аяттар

[7] Омар ибн Хаттаб

[8] «Ниса» сүресі, 19-аят

[9] «Бақара» сүресі 187-аят

[10] ат-Табарани

Ақерке БЕКҚҰЛОВА





МЕН НЕГЕ ҒАШЫҚ БОЛМАЙМЫН?!

(монолог)



Ғашық болу – бойжеткен болмысының мәні ме екен?! Әлде, жаратқанның қыз жүрегіне тамған мөлдір көз жасы ма?! Сондықтан да сергелдеңге салған осынау шерлі сезім мұңға толы екен.

Махаббат... Махаббат өзі не деген дүние? Ғашықтық асықтықпен ұштасып, қашықтыққа апарып жүрегін жардан лақтырады, сосын жырым-жырым бір уыс ол бейшараны тәтті сезімнің демімен үпілеп-сүфілейді де, сол жараны кейін қайта тырнайды. Әлде бұл емес пе? Демек, Розалинаны ес-түссіз сүйемін деп жындана жаздаған Ромеоның Джульеттаға көңілінің түсуі немесе, Тоғжан деп зарыққан Абайдың Тоғжанға ұқсағаны үшін Әйгерімді сүйгені ғой. Сонда, махаббаттың «жалғыз, әрі мәңгілік» деген теориясы қайда қалды?

Кейбіреулер махаббат – Эдип патшаның өз анасына ғашық болуы дейді. Сандырақ! Патша Эдип – баланың анаға махаббатын ердің әйелге деген сезімімен шатастырған өз тағдырының құрбаны. Шын махаббат, әлде, осы жырларды тудырып жүрген ақындардың өз жарларына адалдығы ма екен? Иә, өз әйелі Лашынның шәйін ішіп отырып, Мұқағали ақынның «Фариза жан» – деп жыр жазуы секілді. Білмедім... Білмеймін. Себебі, мен ғашық болмаймын. Бүгін «сенсіз дүние тұл» – деп жігітіне зарығып жылаған құрбымның ертесіне сымбатты бір серіге көз салғанын көре тұра бола алмаймын. Еш бір жанға сөзімді бермей күткендегім он қыздың бұрымын иіскеген жігіт болса, оның құшағында махаббаттың жылы шуағына шомыла алмаспын. Екі сөздің басын құрап, бір қызға сөз айтпаған «тормозға» да көңілім аумай(ды)т. Әлеуметтік желіде серілігі қысып ән арнайтын, жыр толғайтын, ал, жүзбе-жүз кезіккенде «сәлем» сөзін ыңқылдап әрең айтатын рухы төмен, бір кісілік күші жоқ әлсіздерден де шаршадым.

Кейде біреудің сені шын ұнататынын сезесің. Былай қарасаң жаман



емес сияқты... Кейін бәрін құртатыны оның «сұлу қыздың қалайша жігіті болмауы мүмкін?» деген ұлы логикасы ғой!

Бірінің бойы тым қысқа, бірі ұзын. Анау кетіп бара жатқаны тым мылжың, отырғаны мылқау. Біресе, фактурасы нашар, біресе, кез-келген қыз ғашық болатын тым сұлу. Одан кейін қызғаныш туады деймін. Бірі қуыс кеуде, бірі тым ойшыл. Ал сырттай ғашықпын деп жүргенім қайырылмай көзден кетсе, көңілімнің асыққанда шала ішіп суыған шәйдай салқындап қалуы тағы бар.

Жоқ... Мен үшін махаббат – он сегізге толғанымша махаббаттың «м» деген әріпін айтуға қорқатын, ол жайлы сөз қозғалса маскара ұят қысатын дүние болатын. Ал боз балалармен кездесуге шығатын құрбыларым халық жауындай елестейтін. Біреуді ұнатып қалып, сабақты емес оны ойлап қою – ата-анам алдындағы күнәм, Алла алдындағы жазылмас жазығым іспетті болған. Күлесің-ау, бірақ, қазір ойласам мен де күлем. Күлем де, жылаймын. Осындай ақымақ болғаным.

Сондықтан да мен ғашық бола алмауым мүмкін. Себебі, махаббат деп айналамнан беті шимайланған қатынасты көріп жүрген көзімнің оған тойып қалуы. Содан соң сұмдық принциптердің қалыптасуы туды. Бәлкім, бұл айтып тұрғандарым үшін бес немесе он жылдан кейін ұялатын шығармын, күлуім де мүмкін. Бірақ, ішкі толғаныстың бәрі бір сәттік көңіл-күйден туады. Және ол таңғы шықтай тап-таза. Оны өзертуге, ол үшін ұялуға болмайтынын да жақсы түсінем...

Ал, кейде жанары айнадай, жүзі жылы дидарлыны көргенде ешқандай туыстығы жоқ туысыңның, жақындығы жоқ жақсы адамыңның болғанын қалайсың. Бар ақымақ ұстанымыңды бұзып, ғашық болғың келеді. Бірақ, мен кітаптағыдан да, кинодан да, тіпті өмірдегіден де ерек елестететін асыл сезімді арнаушы лайық жан табылмас деп қорқамын.

Ақмарал АЙТБАЕВА





«ОЛ» – МЕНІҢ ЖАН АЙҚАЙЫМ



– Бүгінде біз танытын Данияр Базарқұлов әкесі Жоламан Базарқұловтың сахнадағы сарабал жолын жалғастырып, сұрлеулі соқпағының ізін жаңғыртып, өнер жолына келгенін білеміз. 1998 жылдан бері есептесек, келесі жылы өнерде жүргеніңізге 20 жыл болады. Киелі өнер әлеміне алғаш қадам басқан мұзбалақ Данияр мен бүгінде кәсіби актер болып қалыптасқан Данияр жайлы сөз өрбітсек...

– Кез келген жанның өнерге келуіне біреу себепші болатынын бүгінде анық түсіндім. Екіншіден, өнер бойға әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен беріледі. Енді біреулер бұл салаға бойында талантының бар екенін аңғармай, адасып келеді. Солардың бірі – мен. «Музыкалық драма» мамандандыруына түскенімді қайдам, не дауыс жоқ, не ән айта алмаймын, не биге икемім болмады. Өзімді «талантсыз» деп ойлайтынмын. Бірақ, математика, тарих пәндерінен жақсы болдым. Сол себепті де бала кезімде заңгер болуды армандаған болармын. Бүгінгі күнге дейінгі өмірімнің жиырма жылына көз жүгіртсем, талай дүниенің өзгергенін, біршама баспалдақтан өткенімді байқаймын. Менің бақытым – мықты ұстаздардың, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Амангелді Сембиннің шеберханасында білім алуым. Сол жанның арқасында ритмді, әуенді түсіндім, ән айтып үйрендім. Студенттік өмірімнің екі жылы өткеннен кейін ғана бойымдағы қасиеттерді біртіндеп байқай бастадым. Соңғы курста дипломдық екі спектакльде басты рөлдер ойнадым. Қазір ол рөлдерге күліп қарағаныммен, сол кезде мен үшін сәтті шыққандай көрінетін. Оқу орнынан кейінгі өнер деген алып кемеге нық отыруға септігін тигізген Батыс Қазақстан облыстық Орал театры. Осы тұста Оралға барғанымыздың бақытын айтайын. Тобымызда бітірген жеті бала жалындаған жастықпен жаңа толқын болып, академиядан кейін



аталмыш өнер ордасына бет алдық. 2002 жылдары ол театрда жастар тапшы болғандықтан, біздің бағымызға орай, дұрыс ойнасаң да, бұрыс ойнасаң да рөлден тапшылық көрсетпеді. Үлкен буын актерлерге қарап бой түзейсің, соның арқасында мол тәжірибе жиналды. Сол Оралда жүріп радиода, телевизияда жұмыс істедім, колледжде, мектепте сабақ бердім. Филармонияда жүргізуші қызметінде болдым. Міне, осындай қарқында жұмыс жасағандықтан болар, бүкіл қырым мен сырым сол Ақжайықта ашылды. Сол кездегі театрға келетін көремендердің басым көпшілігі жастар болғандықтан: «Алматыдан келген жастар бүгін ойнай ма?» деп, іздеп жүріп театрға асығатын. Сахнаға шыққан сайын құшағымызды гүлге толтырды. Оралда жүріп-ақ Нью-Йорк қаласына фестивальге қатыстық. Режиссер Қ.Қасымовтың сахналауындағы «Ромео мен Джульеттасындағы» Ромеосынан бастап, А.Маемировтың «Зоопарк» қойылымы арқылы біраз додаларда бой көрсеткеніміз де бар. Ең қуаныштысы одан дандайсып кеткен ешқайсымыз жоқ. Театр директоры кеудемізде нан пісіп кетпесін деп ақырын ғана сабамызға салып отырғанымен, сахнада, өнерде басқан емес. Жасыратын ештеңесі жоқ, облыстық театр менің өнер жолымдағы үлкен мектебім. Академиялық театрларға келгенде көбі облыстық театрдан келген деп жатады. Олай бөліп қарауға еш болмайды. Шындығында, нағыз еңбек сонда жатыр. Академиялық театрлардың аты болмаса, тындырып жатқандары шамалы. Қазір сол жылдарға көз жүгіртсем, сахнада барша актер қауымы армандайтын біршама рөлдерді сахналаппын. Бәлкім, соның арқасында ашылып, кәсіби тұрғыдан шыңдалып, бүгінгі Даниярға жеткен болармын.





– Өзіңді қандай актер ретінде бағалайсыз?

Кәсіби тұрғыдан қарағанда, мен өз бағамды білетін адаммын. Ешкімнің жолын қиып, біреуге жаманшылық жасаған емеспін. Ерекше бір қасиетім – жақсылық пен жамандықты ұмытпаймын. Егер мен қиналған сәтте біреу маған он теңге берсе, ол өмір бақи санамда қалады. Орайы келгенде, сол он теңге берген адамға он мың теңге қылып қайтаруға тырасамын. Жамандық жасаған адамды кешіре алмаймын. Кешірдім дегенмен, көңілімде қалады. Бәлкім, өте сезімталғымнан болар. Қызбамын. Жасқа жас қосылған сайын сабырлыққа бой алдырып, ұстанымды болуға үйренудемін. Десем де, ішкі күйімді спектакль ойнау арқылы, спектакль қою арқылы шығарамын. Сол жерден менің қандай күй кешіп жүргенімді түсінуге болады. Мәселен, «Ол» спектаклі. «Ол» – менің жан айқайым.

– Сөзіміздің арнасын осы моноспектакльге бұрсaq. Моноспектакльде ойнау арқылы қоғамның әлеуметтік мәселелерін қаншалықты жеткізуге болады?

– Біздер көбіне театрға білімді, білікті режиссер, педагог, суретшілер жетіспейді деп ашынамыз. Ашындық екен деп отыра беруге де болмайды. Ой-пікірлеріміз бір жерден шығатын замандастарымыз бар да, неге осылай жүре беруіміз керек? Содан әріптесім Ерлан Карібаев екеуіміз біріге отырып, «Ол» моноспектакліне жан бітірдік. Спектакльдің интерпретациясын жасауды өз мойныма, Ерланның режиссерлік білімі, өзіндік көзқарасы болғандықтан бағыт-бағдар беруді оған тапсырдым. Бірлесуіміздің арқасында жақсы тандем шыққандай. Әрине, спектакльді «шедевр» дей алмаймын, дегенмен адамдарға, қоғамға деген өкпемді, ренішім мен назымды сол қойылым, сондағы кейіпкерім арқылы айтуға тырыстым. Бүгінде көп жандардың ішкі әлемі айқайлағанмен, сыртқа шығыра алмайды. Ал, «Ол» моноспектаклін қоюдағы мақсатымыз – көріп отырған көрермен өзінің бет-бейнесімен тікелей жүздесіп, әлеміне бір уақыт көз жүгірткізу.

– Сіздіңше бүгінгі таңда мықты артистер бар, режиссер жоқ боп тұр ғой?..

– Қарымды режиссерлер бар, бірақ олар күн көрістің қамына кеткен. Спектакльдерді қойып-қойып қиялдары, қоры таусылды ма түсініксіз. Қайталау басым. Жақсы актердің мың штампы болу керек дегендей, режиссерде сондай болуы тиіс. Еліміздегі Қ.Қасымов, Ж.Хаджиев, М.Ахманов, т.б. театр режиссерлерімен біріге жұмыс жасадық, еңбектерін мойындаймын, құрметтеймін. Ал, шетелдіктерден ресей режиссері Юрий Бутусовпен жұмыс жасауды армандаймын. Жалпы, біздің ортамыздағы кей режиссерлер рөлге келетін актерді көріп тұрып, көрмеген тұр танытады. Өзіңе сенімді болған тұста мына кейіпкерді маған бергенде әлдеқайда тереңірек аша түсер ме едім деп қапаланған кездерім болды. Бұл жерде режиссерге немесе актерге реніш танытып отырғаннан пайда жоқ. Қолыңнан келе ме, спектакльді өзің қой.

– Бүгінгі өз замандастарыңыздың ортасынан үздік бес актерді ата десе, кімдердің есімдерін алға тартасыз? Өзіңізді сол бестіктің ішінде нешінші орынға қояр едіңіз?



– Әріптестерімнің арасында ешкімді бөліп-жарған емеспін. Менің замандастарымның әрқайсысы әр түрлі театрда жүр. Кез келген өнер ордасының өз кіл мықтылары бар. Сол себепті мойындайтын актерлерім жоқ емес. Мәселен, біздің тетардан кәсіби деңгейі жоғары, парасатты актерлердің бірі деп – Рахман Омаров ағамызды айтқым келеді. Ол өзінің шеберлігін әлдеқашан дәлелдеген, сонда да ашылмаған қырлары көп деп ойлаймын. Шығармашылық жолында бағын ашар режиссердің жолығуын тілеймін. Одан кейін Еділ Рамазанов ағамыздың есімін атар едім. Актрисалардан Жанар Мақашеваны ерекше атағым келеді. Оның талантын мен ғана емес, еліміздегі өнер адамдарының көбі мойындайды. Жанар – сахнаға шыққанда жанады, өзіне ғана тән қасиеті бар дарын иесі. Жастардың ішінде Ақбота Қаймақбаева есімді актрисамызды атап өткім келеді. М.Әуезов атындағы театрдан Дулыға Ақмолданың кәсібилігін мойындаймын және актер Еркебұлан Дайыровтың шығармашылығы қызықтырады. Елордамыздағы Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрынан Қуандық Қыстықбаев, Сырым Қашқабаев, Нүркен Өтеуілов,



т.б. актерлерден құралған ансамбльді жақсы көремін, өнерлерін жоғары бағалаймын. Жалпы, ол жақтағы труппаның актерлік ансамблін ерекше құрметтеймін. Сондай-ақ, Астана қаласының Жастар театрындағы Дәурен Серғазин бастаған актерлік ұжымды атап өткім келеді. Бұл өнер ордасы – нағыз тірі ағза. Еңбектері қашан да өзгелерден өзгешеленіп тұрады. Атырау облыстық Н.Жантөрин атындағы қазақ драма театрының артистері, әріптестерім Медғат Өмірәлиев пен Кенжебек Башаровтың



актерлік шеберліктерін, сахнадағы еңбектерін байқамау мүмкін емес. Алыста жүрсем де сырттай бақылап, кәсіби ойындарына, ізденістеріне тәнті болып жүремін.

– **Осыдан біраз уақыт бұрынғы бір сұхбатыңызда: «...бос жүрсем басым ауырады. Жынданып кете жаздаймын, уақытым болмаса екен деп тілеймін» депсіз. Қазір қалайсыз?**

– Қазір жақсы қасиетке ие болдым, сәл уақытым бола қалса кітап оқимын. Ізденіс үстіндемін... Санамды серпілтетін дүние іздеудемін... Ақыл-парасатымды дамыту жолында жұмыс жасалуда. Деңгейінді жоғарлатпай, зейінінді тереңдетпей спектакль қоя алмайтыныңды түсіндім. Сол үшін де ізденемін. «Шыңырау» спектаклі осындай ізденістен пайда болған дүние. Бүгінде күн демей, түн демей ойға келген дүниелерді қағазға түсіруге дағдыланып келем.

– **Міне, келесі сауалды осыған әкеп тіремекпін. Жиырма жылға жуық сахнада актер болып келген Данияр Базарқұлов соңғы уақытта режиссерлік жұмыстарымен көзге түсе бастады. Режиссер болу қалай екен? Мүмкін, Сіз режиссер атаулыға қанағаттанбағандығыңыздан бұл жолға келіп отырған шығарсыз?**

– Қазіргі мақсатымның барлығы осында жатыр. Жаңа бағытта жаңа леппен жаңаша қойылымдар туғызатын... еліміздегі жаңашыл режиссер болу. Мысалға, «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» шығармасын бүкіл жерде қойды. Бірақ, сен оны өзгеше формада жандандырсаң, ол бәрібір сенің шешіміңдегі, сенің бейнеңде, сенің қиялыңдағы өнер туындысы болады. Сондықтан жаңашылдыққа қызығамын, соған ұмтылам. Әрине, мен кәсіби мамандықты оқымаған режиссермін және сол «оқымаған» деген таптаурын ой бізді құртады. Мысалы, «Шыңырау» спектаклін кім қойыпты деген сұраққа: Сергей Потапов деп жауап қайтса, ол мақтау мен мадақтауға бөленетіні анық. Данияр Базарқұлов сахналапты десе: «...ол спектакль қоятындай кім? Оқымағаны көрініп тұр» дейтіндер табылады. Неге біз сондаймыз?!. Неге көрермен міндетті түрде аты шыққан режиссердің жұмысын ғана қабылдауы тиіс? Өкінішке орай, біздің ой-санамыз, жүйеміз кез келген дүниені саналы адамның көзқарасында емес, «қазақи түсінікпен» қабылдайды. Мен үшін философ қоя ма, суретші немесе сантехник қоя ма, оның дипломы бар ма, жоқ па маңызды емес. Ең бастысы режиссерлік шешімі, басы мен аяғы бар, формаға салынған, ерекше көзқарас туғызатын жұмысты көрсем болғаны.

– **Былтыр Астана қаласындағы театр фестиваліне алғашқы режиссерлік жұмысыңызбен қатыстыңыз. Көптеген әріптестеріңіз жақсы қабылдады. Сарапшылар пікірі көңіліңізден шықты ма?**

– Иә, Ә.Сығайдың 70 жылдығына арналған XXV Республикалық драма театрларының фестиваліне қатыстық. Жақсы пікірлер естідім. Жоғарыда айтқан «қазақи түсінікпен» қабылдаған таптаурын ойды да естідім. Шынын айтсам, мен үшін Қазақстанның халық артисі Тілектес Мейрамов ағаның пікірін тыңдау маңызды болды. Тілектес Уахитұлы – жақсы көретін актерім, кезінде ұстазым болды. Бүгінде ортамызда жүрген нағыз зиялы, парасатты актер. Ой өрісі бөлек азамат. Не керек,



пьесаны шемішкеше шағып, зерттеп, қырын-сырын ашқан жаннан қатты қаймықтым. Себебі, «Шыңырау» шығармасына студенттік кезден қызығушылығымды ашқан сол Тілектес Мейрамов. Фестивальге барғанда ағай: «Спектакльді сен қойдың ба? Осы шығарманы қай театрмен қояр екем деп армандап едім» – деді. Спектакльден кейін сахна артына келіп өзі құттықтады. Ұнамаса келмес еді... Ол кісіден оң пікір есту мен үшін үлкен мәртебе. Мен кәсіби режиссер болмағандықтан қателерімнің көп екенін білемін. Көбіне жүрегімді тыңдаймын, қиялыма бағынамын.

– **Театр өнерімен қатар ұлттық кино саласында да өз қолтаңбаңызды қалыптастырып келесіз. Бүгінгі таңдағы қазақ кино өнеріне берер бағаңыз. Мініңіз бар ма?**

– Қазақ киносы күн санап өсіп келеді. Дегенмен, мінім бар. Қалың көрерменге жол тартып жатқан фильмдерді көреміз, күлеміз, жылаймыз, бірақ араға аз уақыт салып ұмытылады да қалады. Неге «Менің атым Қожа», «Қыз-Жібек» секілді туындылар жоқ? Әйтеуір, түсіріп жатырмыз. Қазір сан алуан техниканың арқасында мүмкіндіктер көп қой. Кез-келген дүниеде сапа болмаса, тарихта қалу қиын.

– **Дұрыс айтасыз. Данияр, бүгінде Сіздің көңіліңіздің төрін қандай ой жиі мазалайды?**

– Жалпы, Гүлім, қазіргі Данияр соңғы кездері өлім жайлы көп ойлайды. Алланың менің еншіме берген уақыты өтіп бара жатыр. Күнделікті күйбің тіршілікті ойлап жүре беру дұрыс емес. Өнердің болашағы қатты алаңдатады. Таланттарды өсіру жағы бізде қиын. Көреалмаушылық басым, өнердің өзінде көп дүниені ақша, мансап шешетін заман болып тұр. Мықты, зиялы деген адамдардың көбі жетпістен асып кетті. Күні кеше дүниеден өткен Маман Байсеркенов, Бауыржан Нөгербек ағаларымызды ойласам, жүрегім ауырды. Бұл жандар нағыз аңыз адамдар. Өкінішке орай, ортамыздан кетіп жатыр... Асанәлі ағамыздың өзі сексенде, Сәбит Оразбаев ағамызды да айта бер. Ендігі тұста бұл кісілердің тірі жүргенін, қоғамда ұзағырақ өмір сүруін қалаймын. Бұлардың артынан ізін жалғастыраар хас таланттарды көре алмаймын, болса да саусақпен санарлық. Қазіргі театр өнеріне жанашырлық етіп отырған Асхат Маемиров ағамыз деп ауыз толтырып айтуға болады. Астана Мюзикл театрына қаншама жас өрендердің басын қосып, қанатын қатайтуда. Міне, бүгінде еліміздің атын асқақтатып, Еуропа төрінде әлемдік турне жасап жүр. Дегенмен, он жылдан кейінгі өнеріміздің тағдыры қалай болатыны мазалайды. Әрине, өмірге Платон да, Ньютон да келді, кетті. Біздің де сөйтерміз анық. Десек те, өмірге жай келіп, жай кетуге болмайды. Өнерде жүрген кез келген жан өз орнын қалдыруы тиіс. Менің мақсатым да сол – ұлттық өнердің табалдырығын аттағасын, өзіндік орнымды қалыптастырып, қолтаңбамды қою.

– **Данияр, ештеңені бүгіп, бүркелемей, ойыңызды ашық айтқаныңыз үшін рахмет! Шығармашылығыңызға баянды ғұмыр тілеймін!**

Сұхбаттасқан: Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ



ТУҒЫРЫ БИІК «ТЕМІРҚАЗЫҚ»



1923 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында КСРО халықтарының кіндік баспасынан «Темірқазық» атты журнал жарыққа шықты. Оның ғұмыры ұзақ болған жоқ. Бар болғаны үш саны ғана нәшрият жүзін көрді. Бірақ қазақ руханиятының тарихынан өзінің орнын ойып алды.

Неге?

Өйткені, оның бастауында сол баяғы Алаштың маңдайалды газеті – «Қазақты» дүниеге әкелген ұлт көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейхан тұрды.

Бұл журналда оның «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен түрлі тараптағы дүниелері оқырманға ұсынылды.

Қазақ халық әдебиеті үлгілерінің жиналуына ерекше ден қойған Әлихан белгілі фольклоршы Әубәкір Диваевтың 1922 жылы Ташкент қаласында басылған «Бекет батыр», «Мырза Едіге» (1923, №1, 34-35 б.) атты кітаптарына рецензия жазды.

Түркі әлемінің тұтастығын көксеген Әлихан танымал археолог, орыс генералы Никандр Александрович Маркстың 1913 жылы Мәскеуде жарияланып, қолдан-қолға жылдам тарап кеткен «Қырым аңыздары» атты жинағынан «Герейдің ажалы» (1923, №1, 23 б.), «Пайғамбарға хат» (1923, №2-3, 104 б.) атты хикаяттарды қазақшаға аударып басып, бауырлас халықтардың бірі туралы «Хакас» (1923, №2-3, 104 б.) атты сипаттама жариялады.

Заманауи жаңалықтарға күштар, ел ағарту мәселесін ұдайы назарда ұстаған Әлиханның «Білім күші» (1923, №2-3, 87 б.), «Луи Пастор» (1923, №2-3, 74 б.) атты танымдық мақалалары жұртпен қауышты.

«Темірқазық» журналының ерекшелігі неде еді?

Әлбетте, ең алдымен оның КСРО-ның бас қаласында тұрақ ашқаны көңіл аудартады. Редакция Мәскеу қаласының Трубниковский тұйық



көшесіндегі 19-шы үйде – 1912 жылы сәулетші П.Малиновскийдің жобасы бойынша салынған тарихи ғимаратта орналасыпты. Ол мекен-жай сол күйінше қазірге дейін сақталған. Патша заманында бұл зәулім тұрғын үйдің астыңғы қабатында шарап қоймалары жайғасқан көрінеді. Қазан төңкерісінен соң, Сталин басқарған Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты ірге тепкен. 1974 жылы режиссер А.Кончаловскийдің «Мосфильм» киностудиясы түсірген «Ғашықтар туралы романс» фильмінің кадрларында бұл үйдің бейнесі молынан қамтылған. Ресей астанасының Орталық округіне қарасты Арбат маңында. Ескі тарихи ғимаратта бүгінде Ресей экономикалық даму және сауда министрлігінің бір бөлігі қоныстанған.

Елден жырақта болғанына қарамастан, «Темірқазықтың» редакциясына Ташкенттен, Омбыдан, сондай-ақ Қазақстанның түкпір-түкпірінен: Орынбордан, Қызылжардан, Көкшетаудан, Керекуден, Қарқаралыдан, Қостанайдан, Ордадан тілектестікке толы хаттар легі толассыз келіп жатқан. Ескендір Шынтас деген ауыл қазағы мынадай өлең жолдарын жолдапты:

Қайырлы, құтты болсын, «Темірқазық»!

Саналы аңсағанға бұл бір азық.

Етеді жолбасшылық, жөн көрсетіп,

Адассаң бағыт ауып, жолдан азып.

Қазақтың кемдікте өскен айнасы бұл,

Өзімен өзіне айтар тергеп қазып.

Аз сөзбен елден көңіл білдіремін,

Сүйелді қолдарыммен өлең жазып!

Әлихан Бөкейханның төңірегіне автор ретінде қазақтың нағыз қайраткер әрі қаламгер азаматтары топтасты. Басқарманың атынан берілген анықтамада Сұлтанбек Қожанұлының, Смағұл Сәдуақасұлының, Санжар Аспандиярұлының, т.б. аттары аталады. Журнал бетінде Бейімбет Майлиннің, Қошмұхамед Кемеңгерұлының, Әміржан Сыдықовтың, Ғапар Мырзаұлының мақалалары, Ахмет Мәметұлының, Мәжит Дәулетбаевтың өлеңдері басылды. Олардың ішінде, әлбетте, қызмет бабына орай – сол тұста КСРО Ұлт комиссариаты жанындағы Шығыс халықтары орталық баспа басқармасының төрағасы болған Нәзір Төреқұлов алдымен көзге шалынады. Ол журналдың шығарушысы (бас редакторы) болды.

Нәзір – тура пікірлі, қаламы өткір публицист. Қазақ тілін кеңсе тіліне айналдыру мәселесі оны қатты толғандырған. Әсіресе, партияның XII съезінің әуел баста тәтті үміттерді оятқан шешімдеріне сүйенген ол «Ұлт мәселесі жайынан» атты мақаласында (№2-3, 1-6 б.): «Біздің Қазақ республикасында жылында мыңқ ете түскен бір қаулы болмаса, зор баға беріп, қазақ тілін хукімет тілі қылып іс жүргізуді көздеп отырған бір кісі жоқ. Мен білмеймін: неге жоқ екенін – бірақ жоқ. 1921-ші жылдың басында бірнеше түркістандықтар жолбасшымыз Владимир Ильич Лениннің алдына барғанымызда, менен Ленин жолдастың ең алдымен сұраған сөзі: «Түркістанда қалай, кеңселеріңізді өз тілдеріңізге аударып алдыңыздар ма?» деді. Ойлап келгенде, бұл мәселеге Лениннің қанша



зор баға беруі белгілі. Біздің Қазақ республикасында партиямыздың бұл екпінді қаулысын жүзеге шығармағанда, баяғыдай бұрыннан елді жеп келе жатқан «Читаю, писаю» деген шала тілмаштар, баяғы Николай төрелерінен, болыстарынан құтыла алмаймыз. Даладан келген қара қазақ екі көзін тілмаш, төреге телміртеді де отырады. Тілмаш, төреден құтылмай, елдің Кеңес хукіметіне көзқарасы түзелуі, сенімі зораюы қиын. Мұны ойламағанда, Орынборда комиссар болып, Қазақ республикасына нұрын шашам деген – ойын сөз», – деп жазды.

Ол қызды-қыздымен, орайы келгенде: «Біздің қазақ республикасында кеңсе түзу, жергілікті халыққа жакындастыру дегенді кім ойлап отыр. Мен ойлаймын: Сейфуллин жолдастай он мың «Асау тұлпар» жазып, «пролетариат ақыны» болып, даңқын көтерген үлкен санасыз коммунистен екі-үш үйезде жақсы, арзан, іске епті кеңсе құрып берген жабайы, даңқсыз коммунист анағұрлым артық», – деп те жібереді.

Сәкенмен арадағы салқындықты әсіресе ақынның «Асау тұлпар» өлеңдер жинағына (№1, 25-30 б.), «Бақыт жолына» (№2-3, 120-122 б.) пьесасына жазған рецензияларында айқын аңғартады.

Бірінші кезекте «Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйелге, махаббатқа арналған» деп, Сәкеннің «Маржан», «Надежда, Үміт, Үмила», «Жазғы кеште» секілді лирикалық өлеңдерін түкке тұрғысыз етеді.

Екінші ретте драма авторының «тіршіліктің мәнісі – сүю, құшу» деген түйініне сыншы әбден шүйлігіп: «Сәкеннің қай философиясы болсын, жүрегінді айнытпай қоймайды. 1923 жылда, кеңес хукіметінің алтыншы жыл дәуірінде халықты бұлай ағартуға болмайды», – дейді. «Революцияға не пайдалы?» деген сауалға жауап іздеу керектігін алға қояды. Нәзірдің бұл көзқарасында қалай болғанда да социологиялық тұрпайылау түсініктің басымдығы анық.

Белгілі оқымысты Ғаббас Тоғжанов қазақ тарихында тұңғыш рет «Ұлт деген не?» атты көлемді теориялық мақала жазып, оны «Темірқазық» журналында бастырды (1923, №2-3, 76-87 б.). Ол Еуропа ойшылдары Отто Бауэрдың, Карл Каутскийдың, Карл Реннердің алуан арналы тұжырымдамаларын талдай отырып, ақырында Сталиннің «ұлттың ең елеулі белгісінің бірі – экономика ортақтығы» деген пайымына талас білдіреді. Ғаббас өзінің осы күнге дейін маңызын жоймаған дүниесінде: «Алдымен ұлт болу үшін керек шарт – тіл бірлігі. Бір тілде сөйлеу, жазу керек. Бұл – бір. Екінші – жер бірлігі. Бір жерде орнығу керек, бұл – екі. Үшінші: тұрмыстан, тіршілік қамынан, кәсіптен туған мінез – жан сипатының бірлігі керек. Бұл – үш. Міне, осы үш шарт түгел болса, ұлт дейміз. Сонымен, «ұлт деген не?» деп бастаған сөзімізді «тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынастан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы» деп шешеміз», – деп қорытындылайды.

«Темірқазық» ұлт тіршілігінің бір де бір саласын назардан шет қалдырмауға тырысып, өз бетінде – кезінде «Қазақ» газеті алғаш болып көтерген тақырып – кісінің аты-жөніне байланысты «-ов па? -ұлы ма?» деген редакциялық мақала жариялады. Енді содан үзінділер келтіріп көрейік:



«Бұл күнге дейін қазақ азаматтарының көбі «ов»-пен жазып, қол қойып келеді. Бірақ бұл мешандық емес, көңіл қоймағандық, әдет қылып кеткендік»

«Біздің қазақтың шала оқығаны «ов»-қа жерік; «ов»-пен атын жазса, білгіш бола қалады»;

«Бізге де газетте, журналда, кітапта, кеңседе қазақ жұртының тіл салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тіл заңына түссек, елге жылдам жақындасамыз, елге жанасқан сайын ел ағартқан іс гүлдейді»;

«Сөйтіп, біздің айтайын дегеніміз: «ов»-ты орысқа қайырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып», «Қожанұлы Сұлтанбек» деп жазу дұрыс дейміз. Мақалаға қол қойғанда, Ахмет, Міржақып, Қойшыбай, Жаманбай деп қана жазса да болады» (1923, №2-3, 99-101 б.).

Осылайша «темірқазықтықтар» сол дәуірдің өзінде-ақ әлі күнге дейін бір ізге түспей келе жатқан мәселенің түйінін тарқатты. Әрі оны жай декларация күйінде қалдырмай, журнал бетіндегі мақалаларының астына аты-жөндерін тек қана «-ұлы» деген үлгімен жазып, өзгелерге өнеге көрсетті. Бұл дәстүрді бүгінгі журналшыларымыз жаңғырта алса, әрине, құба-құп.

«Темірқазық» халық әдебиетінің бай қазынасынан алынған жұмбақ, жоқтау, айтыс, т.б. фольклорлық мұра материалдарын ел ішінен жиыстырып, жариялап отырды.

Сонымен қатар, ұлттық жазба әдебиеттің де мұнын мұндап, жоғын жоқтады. Мысалы, «Ел асылын жасытпаңдар!» атты редакциялық мақалада: «Әдебиет – халық айнасы. Ақынның жыры, жазушының кестелі, майда сөзі елдің тілегін кестелейді, тұрмысын суреттейді, сезімін оятады. Елді тура жолға бастайды, түзу тәрбие береді, қысқасы, елдің білім жүзінде теңдігін әпереді, елдігіне жеткізеді. Бірақ бұл күнге дейін біздің көп ақын, жазушыларымыздың өлеңі, сөздерінің көбі жарыққа шықпайды, елге ұсынылмайды. Ешбір пайдасыз басылмай қалады. Бұған себеп болып отырған – жазушы, ақындарымыздың күйсіздігі. Көбінің күн көрісінің қиындалуы. Мұны іс басындағы жауапкер қызметкерлеріміз көрмейді», – делінген.

Бұл – ел руханиятына журнал тарапынан шын жанашырлықтың бір белгісі.

Жалпы, «Қазақ» газеті қалыптастырып кеткен ұлттық рух нышандары Кеңес өкіметінің алғашқы дәуірінде – шамамен 1925 жылдарға дейін өз ықпалын жоғалта қойған жоқ. Бұл қатарға ташкенттік-түркістандық басылымдардың – Сталиннің тікелей араласуынан соң ғана жарыққа көруін тоқтатқан «Ақ жол» газетінің, «Сана», «Шолпан» журналдарының қызметін жатқызуға болады.

Мәскеудің төрінен 2 мың данамен елге тараған «Темірқазық» журналы да сол санаттан табылып, қазақ баспасөзінің тарихында ғана емес, оның қоғамдық сана соқпағының дамуында да өзгеше із қалдырды.

Амантай ШӘРІП



ҚЫЗЫМ ҮЙДЕ – ҚЫЛЫҒЫ ТҮЗДЕ



*Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.
«Қыз өссе – елдің көркі» – деген сөзді
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам?!*

Жұбан Молдағалиев

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық, жан-жақтылық та болуы тиіс. Қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінің өзінде көптеген ақындарымыз қыздарға көркем суреттемелер берген. Сондай-ақ, қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі», «Жаксы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің қызығы бар», «Қызға қырық үйден тыйым» деген халқымыздың дана сөзі бар. Оған бойжеткен шағына дейін ақыл-кеңесін айта отырып, салт-дәстүрімізді бойына дарытып, әйел-ана атануда қандай асыл қасиеттерді санасына сіңіру керектігі нақты айтылады. «Қыз – жат жұрттық» демекші, ата-бабаларымыз қыздарымызды қонақ деп есептеп, оған зор құрмет көрсетіп, барған жерінде бағының ашылуын ерте бастан қамдаған. Бүгінгі бүлдіршін қыздың ертең ибалы келін, абзал ана атануы жолындағы тәлім-тәрбиесіне жеңіл-желпі қарамаған. Қыз баланың келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін



ұғындырып, әдептілікке, ибалыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, шыншылдыққа баулып, теңін тауып, ерте отбасын құруын қамтамасыз еткен.

Ал, қазіргі заман талабы басқа... Бүгінде тәрбиеге аса мән беру керек. Уақыттың зымырап өтіп жатқанымен қоса, қызыңа, ұлыңа заманға сай тәрбие беріп және де өз қазақилығыңды ұмытпауың тиіс. Бұл дегеніміз – қазір технология, ғаламтор, әлеуметтік желілер өте қарқынды дамуда. Соның арасында сен өз болашақ ұрпағыңа саналы, иманды түрде тәрбие беру. Әрине, білім алу қазіргі ең басты мәселе, бірақ қыздың өмірге келгендегі негізгі мақсат-міндетін ұмытпау керек. Осының бәрін ұғындырып, түсіндіріп, бағыт-бағдар беріп отыратын ол – анасы. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова: «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын бұл – өмір заңы» – деген. Шындығында да, өмірде әлі оң-солын танымаған жап- жас қыздарымыз алда кездесер ауыртпалықтарды көтере алмаса, арты жақсылыққа апармайтыны айдан анық. Соңғы қоңырау, мектеп бітіру кеші, алда қызыққа толы студенттік шақ, осының бәріне көз жұма қарап, жар атануға неге асығатындары түсініксіз. Өмірдің ұмытылмастай қайталанбас сәттері өз бағытынан жаңылмай, өз арнасымен ағып отырса жақсы, әрине. Осы тұста қыздарымыздың оң-солын танымастан тұрмысқа асығуы отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігінен де болар.

Қазіргі қоғамда жұмысбасты ата-аналарымыз балаларына жете көңіл бөлмей, бір ауыз ой бөлісіп, сырласуға уақыт таба алмай жатады. Шаңырақта отбасы мүшелері бір-бірімен ашық әңгіме айтып, туындаған мәселелерін талқыға салмағандықтан, мейірімді қарым-қатынас азайғандықтан да, қыз бала үйдегі жылулықты түздегі адамнан іздейді. Бұның арты өкінішті жағдайларға әкеліп соқтырады. Бұл жасөспірім шақтың жеке тұлға болып қалыптасу жолындағы бастапқы сатысы десек болады. Тағдырыңның іргетасын қалай құйып бастасаң, сол бағытымен жалғасатыны белгілі. Сондықтан, үйдегі тәрбиенің орны өте бөлек...

Қыздарымыз қазіргі заман талабына сай жүруді армандайды, еліктейді. Өкініштісі, біз шет елдің өмір-салтына, киім-киісіне, жүріс-тұрысына еліктеп барамыз. Қазір ашық киіну таңғаларлық жағдай емес, бұл үлкен мәселеге айналып бара жатыр. Оны көріп өсіп келе жатқан жас ұрпақ ертең оны қайталамасына кім кепіл?.. Сол себепті де, ең алдымен өз ұрпағыңның тәрбиелік іргетасын мықтылап қалап, саналы түрде шешім қабылдай алатындай етіп тәрбиелеу бастапқы мақсатымыз екенін ұмытпағанымыз абзал.

Ақбота МҰСАХАНОВА



СЕЗІМ МЕН ТӨЗІМ



Сезім – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттігінен туындайтын және біртіндеп дамып қалыптасып отыратын жан қуаты. Мәселен, достық, адалдық сезімдері, адамда бірден қалыптаса қоймайтын белгілері. Ал, эмоция болса, адамның түрлі органикалық қажеттіліктеріне байланысты туындап отыратын, кейде шағын, кейде күрделі, ситуациялы көріністері. Мәселен, адам қуанғаннан немесе қамыққаннан көзіне жас алады, не болмаса бір нәрсеге мәз болып ішек-сілесі қатқанша күледі, әрине мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтыны белгілі. Бұл – сезім мен эмоцияның бірінші ерекшелігі. Сезімдерде мәнерлі қозғалыстар, мимика, пантомимика жөнді байқалмайды, тұрақты, терең, әсерлі сезім адам психологиясындағы басты белгілердің бірі, ал эмоция болса мәнерлі қозғалыстарға бай келеді, мұнда адам өзін тек организм тұрғысынан көрсете алады.

Адамның жоғары сезімдері – имандылық, интеллектілік, эстетикалық. Жоғары сезімдердің қалыптасуына, адамның өскен ортасы, отбасы, ұжымы елеулі әсер етеді, әсіресе халқымыз айтқандай «Сөз сүйектен өтеді...» т.б. мәтелдері сезімді тәрбиелеу қажет екеніне дәлел болады. Осы тұрғыдан алғанда, сезім ми қабығының жұмысынан, ондағы динамикалық стереотип жасалып отыратындығынан тәуелді. Ал, эмоцияға келсек, мұның физиологиялық негізі ретикулярлық формацияның лимби жүйесінің, сондай-ақ, ондағы гипоталамус бөлігінің орталығымен ұштастырамыз. Мәселен, осы жүйке қызметінің орталықтарына зақым келсе, адам тойғанын білмейтін, немесе шөлі қанбайтын жағдайға ұшырайды. Бұл жерде де сезімдер мен эмоцияның бір-бірінен айырмашылығы байқалады.



Адамның сезімдері ылғи да қоғамдық-тарихи сипатта болады. Мәселен, адамның адамгершілік сезімдері (жолдастық, борыш, жауапкершілік, адалдық, шыншылдық, т.б.) қоғамдағы өзгелерге байланысты өзгеріп отыратыны белгілі.

Сезім – адамның өзіне, өзге адамдарға, айналасындағы заттар мен құбылыстарға көңіл-күйінің қатынасын білдіретін және оларды бейнелейтін психикалық үрдіс. Сезімінің психикалық үрдіс екендігін білдіретін тағы бір ерекшелігі – оның адам көңіл-күйіне байланысты әрбір үрдіске белгілі бір түрде рең беріп тұратындығы. Сезімінің сан алуан көріністері мен олардың пайда болуы әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға, әсіресе, материалдық, рухани-мәдени қажеттіліктерді қанағаттандырудың мақсат-мүдделеріне байланысты. Сезім мен эмоцияның адам іс-әрекеті мен көңіл-күйіне ұнамды әсер етуі стеникалық – күшті сезім тудырса, ал ұнамсыз не теріс әсер етуі астеникалық – әлсіз, жағымсыз сезім тудырады. Стеникалық сезім жүйке жүйесіндегі қозуды күшейтсе, астеникалық сезім жүйкеге тежелу жасап, адамның әрекетшілдігін әлсіретеді. Адам сезімінің қайнар бұлағы – бізді қоршаған болмыс, объективтік шындық. Сезім адамның табиғи және әлеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылу не қанағаттандырылмауы салдарынан туындап отырады.

Адам эмоцияларының ішінде оның күрделі түрі – көңілдің алатын орны зор. Көңіл – адам мінез-құлқына белгілі реңк беріп, одан біраз уақыт бойына байқалатын жалпы эмоциялық жағдай. Көңіліне қарап адамдарды шат-жайдары, жылы жүзді, түсі суық, ызалы, т.б. деп ажыратуға болады. Көтеріңкі көңіл адамға қуат береді, ондай кісі оптимист болады («Сырдың суы сирағынан келмеу»), ал уайым-қайғы кісіні кейде жүнжітіп, жабырқатып жібереді.

Көңілді меңгере білу – кімге де болса аса қажетті сипат. Бұл, әсіресе, мұғалімге ауадай қажет. Шәкірт атаулының ұстазының қасы мен қабағына қарап отыратыны белгілі. Мұғалім көңілсіз, кірбің жүрсе, мұның оқушыларға қолайсыз әсер ететіні хақ. Бұп жөнінде де халқымыз ежелден-ақ: «Қабағы жаманның сабағы жаман» деп дұрыс айтқан.

Төзімділік – жеңіске жетелейді,

Табандылық – биікке көтереді.

Қарағай- қысы-жазы жасыл түсте болып, аязға да, ыстыққа да төтеп бере алатын төзімді ағаш.

Ардақты дос – серігің,

Арымайтын төзімің.

Бойда қайрат – серігің,

Ойда қуат – сезімің.

Төзімді жан мойымас,




Басына ауыр күн туса,
Қиындық кетіп, дерт қалмас,
Жеңемін деп ұмтылса.
Төзімді бол балалар,
Төзген жетер мұратқа,
Саналы жан соны істер,
Үні кетер жыраққа.

Төзімді, табанды адам қиындықтан қорықпайды. Айтылған сөзге де, алдынан шыққан қиындықтарға да, құбылыстарға да төзеді. Сол жолда табандылық танытады. Қандай кердергі болса да жеңіп шығады. Тек адамға ғана тән жоғары сезімдерге имандылық, рухани адамгершілік, эстетикалық, интеллект сезімдері кіреді.

Қоғамның нақты талабына сәйкес адам мінез-құлқынан жиі көрінетін сезімдердің бірі – адамгершілік сезімдері. Бұл өте кең мәнді сезім, мұның мазмұнымен қатар құрылымы да күрделі келеді. Бұлар ең алдымен қоғамдық мәнді және жеке көңіл-күйге байланысты екі топқа бөлінеді. Бұл екеуі бір-біріне қайшы келіп қалуы да мүмкін. Бірақ, сана-сезімі жетілген, көзқарасы мен сенімі қалыптасқан адамда мұның біріншісі басым болып отырады.

Несібелі ТОҚТАСЫН





ҚЫЗ-ҒҰМЫР...



Жаратушы Алла Тағала дүниеде үш тіршілік иесін: құстан – аққуды, жануардан – жылқыны, адамнан – әйелді сұлу етіп жаратқан деседі. Нәзіктікті қару етіп, жұмағын жанұям деп білген, жан рахатын балаларынан іздеп, ерін хандай құрметтейтін, қызметі мен үйінің шаруасын қатар алып, туған-туыстың да көңілін таба білетін әйел затында не құдірет бар екен деймін осы?! Шаңырақтың шаттығын еселеп, бөбекке жарық өмір сыйлайтын, өн бойына төзім мен тектілікті тоқыған жылы жүрек иесі барлық мақтау мен құрмет-қошеметке әбден лайық.

«Қыз – жат жұрттық» деген дана қазақ. Ішкенің алдында, ішпегенің артында, қалағаныңның бәрі болып, орынсыз еркелігің мен қыңыр-қырсық мінезіңе қарамай, бар жағдайың жасаулы тұратын өз үйіңнің ыстық болатыны да сондықтан болар. Әке-ананың аялы алақаны, мейіріммен қарағаны, өз жұртыңның бағалауы мен нағашы жұрттың жиендерден еш нәрсесін аямауы қандай әдемі?! Қыз баласын қырық үйден тыйып, ерсі істерден ада қылып, қылықты болуға баулып, жанына иманнан гүл егіп, бойына ибаны сіңіріп, төрден орын беретін қазақы тәрбиеге не жетсін?! Қыздың сөйлеуіне, күлуі мен еркелеуіне, тіпті, ас ішуі мен отырысына да ықтияттылықпен қарап, жұрт көзіне түсіп, көсемсіп сөйлемей, қомағайланып, көргенсіздік танытпауын қадағалаған қазақтың даналығында шек жоқ қой.

Қасы-көзі қиылған, піскен өріктей уылжыған нәп-нәзік, еліктің лағындай ерке, ішін май ішкендей ерітіп жіберіп, магнитше тартып тұрар қазақ қыздың әрбірі бақытты болуға әбден лайық. Еліктей еркенің өз отауына аяқ басып, мәңгілік әулетіне сіңісіп, еріне адал жар болуы, дүниеге нәресте әкелуі – өмірдің заңдылығы. Қыз баласының бағы жанып, бақытқа бөленуі де осы жолда қателеспеуіне байланысты. Текті жерге



келін болып, арманыңдағы адал азаматтың алақанына адаспай қонғанға не жетсін?! Дегенмен, келінді күң етіп көріп, күн бермейтін ақылы таяз ежелер де жоқ емес. Қазіргі қоғамдағы ажырасулардың да көп себебінің бірі осы. Баласының бақыты үшін келініне де өз қызындай ықылас танытып, білмегенін үйретіп, жас отбасының үлкен әулет болуына әрекет ету – тек дана әйелдердің қолынан келері хақ.

Ал кейде айтпағанды айтты деп, күйеуіне енесін айдап салатын, есеппен тұрмыс құрған қыздарды да көзіміз көріп жүр. Мінекей, қарап отырсаңыз бәрі де тәрбиеден. Өйткені, «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген қанатты сөз бар.

Қазақ қызы – кез-келген ер азаматқа қолы жетпестей арман болуға лайық. Тез қолы жеткеннің қадіріне жете алмауы әбден мүмкін. Қайткенмен, тәңір әр қылықтының тағдыр жолын тәттілеп өрнектейтін адаммен тоғыстырғай деген бір ғана тілек... Әлемнің Раббысы әрбір қаракөзге әйел бақытын сезіндіріп, баршаңызға рақымын төксін!

Айжан ЕСЕНГЕЛДІ





ҚЫЗДАРҒА КЕҢЕС...



1. Өз-өзіңізді жақсы көріңіз. Сонда өмір сүру әлдеқайда жеңіл болады.
2. Бірге жүрген қыздардың бәрі әрқашан қасыңыздан табыла бермей-тінін ұмытпаңыз.
3. Егер шынайы дос тапсаңыз, қандай қашықтықта болса да, достық қарым-қатынасыңызды үзбеңіз.
4. Дүниеге қызықпаңыз, ол сізді бақытты етпейді.
5. Қандай жағдайға кезіксеңіз де, ешкімді кінәламаңыз, қатені алдымен өзіңізден іздеңіз.
6. Әжеңізбен жиі уақыт өткізіңіз, ол сізге көп нәрсе үйретеді.
7. Есте сақтаңыз: белгілі бір мәселеге тіреліп, өмір тоқтап қалмайды. Өйткені, жаңбырдан кейін де күн шығады.
8. Барлық нәрсеге шайқаса берудің қажеті жоқ.
9. Өзіңізді өзгелермен салыстырмаңыз, ол сіз секілді ешқашан бола алмайды.
10. Сезіміңіз соншалықты берік болса да, махаббатқа қатты берілмеңіз. Себебі, сіз өз-өзіңізді жоғалтып алуыңыз мүмкін.
11. Әдемі әрі сауатты сөйлеп үйреніңіз, ол сізге өмірде міндетті түрде көмектеседі.
12. «Жоқ» деп айтудан қорықпаңыз, оның да пайдасы бар.



13. Өмір тек бір-ақ рет беріледі. Сондықтан оны өкінбейтіндей етіп сүруге тырысыңыз.

14. Жігіттердің артынан жүгірмеңіз, керісінше олар сіздің артыңыздан жүгіруі керек.

15. Жақсы сөз – жарым ырыс екенін естен шығармаңыз. Оны айтып та, қабылдап та үйреніңіз.

16. Өзгелердің де, өзіңіздің де алдыңызда адал болыңыз.

17. Жалғыздықтан қорықпаңыз. Ол өздігіңізден дамуға көмектеседі.

18. Өз сезіміңізді жеткізуден қорықпаңыз.

19. Дауласқыңыз келсе дауласыңыз, бірақ 8-ші ереже есте болсын.

20. Білім – керемет күш. Жан-жақты болу үшін әртүрлі кітап оқыңыз.

21. Егер жігітіңіздің үйінде бірде-бір кітап болмаса, теріс айналып кете беріңіз.

22. Өзіңізді қандай жағдайда да алып шығуыңыз керек.

22. Қателіктерден сабақ алатыныңызды ұмытпағайсыз.

23. Күніне бір рет болса да айналаңыздағы адамдарға жақсылық жасауға тырысыңыз.

24. Тәрбиелі жанұядан шыққаныңызды көрсетіңіз. Сонда сіз жайлы тек керемет пікірлер айтылатын болады.

25. Тек үлкендермен ғана емес, өзіңіздің қатарластарыңызбен және жасы кіші адамдармен де сыпайы болыңыз.

26. Сіздің сөздеріңізден гөрі істеріңіз сіз жайлы көп нәрсеге көз жеткізетінін біліп жүріңіз.

27. Сезіміңізді жасырып емес, айтып біліңіз.

28. Қарапайым заттардың өзінен көркемдік көруге тырысыңыз.

29. Теріңізге жас кезіңізден абай болыңыз. Күнге қарсы иісмайлар пайдаланыңыз.

30. Сізді жақсы көретін жандармен жақын болыңыз.

31. Қандай қиыншылыққа кез болсаңыз да, еңсеңізді түсірмей, басыңызды тік көтеріп жүріңіз.

32. Өзіңіздің көз жасыңыздан қорықпаңыз. Өйткені, одан жаңа күш, серпіліс таба аласыз.



33. Күлкі – жаныңызға да, денеңізге де ем.
34. Сөзбен жұбата да, жылата да аласыз. Сондықтан сөйлемес бұрын ой сүзгісінен өткізіңіз.
35. Кешірім сұрау – кішіліктің емес, кісіліктің белгісі.
36. Алға қойған мақсатқа жету үшін талмай еңбектенуіңіз керек.
37. Өз-өзіңізді қамтамасыз етіп үйреніңіз.
38. Өзіңіздің бағаңызды ешқашан түсірмеңіз.
39. Сіз өзіңіз ойлағаннан да жоғарысыз.
40. Өмір дегеніміз – бүгінгі күн. Кешегі де емес, ертеңгі де емес. Бүгінгі күнмен өмір сүріп, бақытты болыңыз.
41. Таңертеңгі асты тойып ішіп алу керек. Себебі, таңертеңгі аспен біз бір күнге қуат жинап аламыз. Екі бутерброд пен бір шынаяқ кофе сізге ас болмайды. Таңертеңгі ас барынша құнарлы әрі тойымды болса, түскі ас пен кешкі асты жұмыс күніңізге қарай ішесіз.
42. Ақуызы мол тамақты көбірек, тәтті мен холестерині бар тамақты азырақ жеуге тырысыңыз. Ақуыз ет пен балықта ғана емес, көкөністер мен жұмыртқада да көп. Сонымен қатар, тұзды тағамдарды да аз қолдануға тырысыңыз.
43. Барлық жаңалықтардан хабардар болып жүруге тырысыңыз. Ол сізге қажет болмаса да жаңалықтарды білетін адам әрдайым жақсы әңгімелесуші және кез-келген ортаның сүйікті қонағы болады.
44. Күнделікті аздаған уақытыңызды өзіңіздің хоббиіңізге арнаңыз. Ол 1-2 сағат сізге теледидардан құр бағдарлама немесе жарнама көргеніңізден әлдеқайда жақсы әсер етеді. Егер хоббиіңіз болмаса, өзіңізге ұнайтын іс тауып алып, күнделікті соған аздаған уақытыңызды бөліп тұруға тырысыңыз.
45. Күн сайын өзіңізді кемелдендіруден талмаңыз. Ұзақ болмаса да күнделікті кітап оқыңыз. Өйткені, біз кітап оқи отырып өзіміздің дүниетанымымызды жетілдіріп, есте сақтау қабілетімізді жақсартамыз. Сонымен қатар кітап ақпараттың қайнаркөзі.
46. Ұйықтар алдында таза ауада серуендеңіз. Себебі, ұйықтар алдында ағзаңызға көбірек оттегі жиналады және де бұл ұйқыңызды шақырады. Тиісінше, таңертең оянуыңыз да жеңіл болады.



МЕДИА ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ



«Түркітілдес журналистер қоры» Қоғамдық қорының ұйытқы болуымен Түркияның Стамбул және Измир қалаларында қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған семинар-тренинг өтті. Шараға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Медиа департаментінің қызметкерлері де қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Жиынның алғашқы күні журналистер Измир қаласындағы MODEKO-2018 Халықаралық жиһаз көрмесі шеңберінде ұйымдастырылған семинарға қатысты. Басқосуда Түркияның беделді телеарналары мен газеттерінің шығармашылық жұмысы таныстырылып, белгілі компаниялардың жетекшілері тренинг жүргізді. Шара соңында қатысушыларға арнайы сертификат табысталды.

Ал, семинардың екінші күні Стамбул қаласындағы әлем бойынша ақпарат таратудан үздік ондыққа кіретін «Анадолы» агенттігінің жұмысымен танысты. Кездесу барысында қос тарап заманауи ақпарат тарату тәсілдері турасында пікірлесіп, агенттіктің өзіндік ерекшеліктері



жайында әңгіме өрбітті. «Анадолы» 1920 жылдың 5 сәуір күні құрылған. Мұстафа Кемал Ататүрік сынды тұлғаның бастамасымен ашылған агенттік бүгінде дүниежүзінің 85 еліне 11 тілде ақпарат таратады. Сондай-ақ, Түркияның медиа кеңістігінің 63 пайызы орталық еншісінде. Тәулігіне 2000-ға жуық жаңалық жарық көретін агенттікте 3000-нан астам адам қызмет атқарады.

Сонымен қатар, семинар барысында отандық БАҚ өкілдері Түркияның танымал «FOX TV» телеарнасының «Жаңалықтар» бөлімінде болды. Ақпарат-сараптамалық қызметтің жетекшісі Сердар Ертұғырылдың айтуынша, қазіргі күнде арна жаңалықтарының басым бөлігі экономикалық, қоғамдық-саяси бағытқа негізделген. Рейтингі өзге телеарналармен салыстырғанда едәуір жоғары. Қазақстандық журналистер телеарнаның ақпарат тарату тәсілдері турасында сауалдарын қойып, ток-шоулар мен музыкалық және қоғамдық-танымдық бағдарламалардың түсірілім барысымен танысты.

Сондай-ақ, журналистер Түркия Радио Теледидар (TRT) мекемесінде де болды. TRT құрамында 14 телеарна мен 14 радио бар. 9 мыңға жуық адам қызмет атқарады. Қазіргі күнде алып медиа ұйым 17 түрлі серіктен 41 тілде ақпарат таратады. 1968 жылдың 31 қаңтар күні құрылған телерадиокорпорация білім беру, мәдениет, деректі фильм, драма, спорт және ойын-сауық трансляцияларымен әртүрлі жастағы миллиондаған аудиторияны қамтып отыр.





– TRT – дұрыс әрі түсінікті ақпарат беруді, халықтың рухани дамуына үлес қосуды, көңіл көтере отырып үйретуді және мәдени бүтіндікті сақтауды мақсат етеді. Түркияның бай мәдениеті, салт-дәстүрі, тамыры тереңде жатқан тарихы, сондай-ақ туризм саласына қатысты телеөнімдерді көрермен назарына ұсынады. Оның үстіне арна контентін жасауда негізгі басымдық тарихи-мәдени құндылықтарға, өнер мен мәдениет салаларындағы түркиялық арнайы брендті жандандыру үшін танымдық жобаларға бағытталған, – деп атап өтті арна қызметкерлері.

Түркия сапары аясында Стамбулдағы қандас бауырлармен жүздесу де ұйымдастырылды. Екі мемлекет ынтымақтастығына дәнекер болып жүрген ағайындар атқарып отырған істері жайында баяндап, ізгі ниеттерін жеткізді. Стамбул қаласындағы Түркия қазақтарының диаспорасының



«Қазақ» орталығында өткен басқосуға тарих ғылымдарының докторы, Миңан Синар атындағы Өнер университетінің профессоры Абдуқап Қара, белгілі әнші Бешир Ахмет Косе және өзге де азаматтар қатысты.

– Қазақтар Түркияға 1950-1955 жылдары жаппай қоныстанды. Олардың басым бөлігі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Алтай округінен көшіп барған. Сонымен қатар, өткен ғасырдың 80-ші жылдары Ауғанстан мен Ираннан босқын ретінде қоныс аударған қазақтардан да тұрады. Стамбул консулдық округінде 4190 қазақ отбасы қоныстанған. Бұл ауданды көпшілік қауым «Қазақкент» деп атайды. Стамбулда қазақтар Зейтинбурну, Кучук Чекмеджи, Сафра-кой, Орнектепе аудандарында да көп шоғырланған. Бүгінде Түркияда 12-15 мың қандасымыз мекендейді. Осыны ескере отырып және өзара бірлігімізді нығайту мақсатында арнайы орталық аштық. Бұл жерде ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтау мақсатында көптеген іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, қазақ тілін үйретуге бағытталған курстар жүргізіледі, – дейді Абдуқап Қара.

Жиын соңы түркиялық қандастар дайындаған мерекелік концертке ұласты.

*Жандар АСАН,
Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі*



БАС РЕДАКТОР
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

КӨРКЕМДЕУШІ, БЕТТЕУШІ
Гүлчахра Джексенбиева

Редакцияның мекен-жайы:
050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99 үй
Медиа департаменті, 1 қабат, 111 бөлме

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 05, +7 (775) 628 28 48
E-mail: qyzgumyr@gmail.com

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорын

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің «Ақпарат комитеті» Мемлекеттік мекемесінде есепке
қойылып, 2018 жылдың 03 наурызында **№16970-Ж** қайта тіркеу куәлігі
берілген.

Журнал редакциялық баспа бөлімінде басылды.
Баспаның мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116 үй
Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 33

Журнал 2013 жылдың наурыз айынан бастап шығады.

Басуға қол қойылған күні: 15.03.2018 ж.

Түрлі-түсті басылым, қалпы

Пішімі 60x84 ¹/₁₆

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 6,5

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 192